НАЗАР
2 Тосқауыл тәртібіне түсіністік қажет

БІЗ ЖӘНЕ БИЗНЕС
3 Карантиндегі кәсіп

ЖЕҢІС – 75
4 Қоршауды бұзған Құлманов

СОҢҒЫ БЕТ
8 Сәбидің сырқаты жоқ

Сыр бойы

№52-53
(19928-19929)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

11 сәуір, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

“ІНДЕТКЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙДЫ ЖЕҢІЛДЕТУГЕ БОЛМАЙДЫ”

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында сөз сөйлеп, коронавирустың таралуын барынша бәсеңдету үшін қажетті шаралар дер кезінде қабылданғанын айтты.

Қ.Тоқаев осындай күрделі кезеңде Елбасымыз арнайы мақала жариялағанын, оның халқымыздың еңсесін көтеретін өте мазмұнды, маңызды үндеу болғанын атап өтті. Бүгінде еліміздегі уақытында жүзеге асқан шұғыл шаралардың індеттің кең таралуына жол бермегенін халықаралық қоғамдастық оң бағалап отыр. Президент тұрғындарға және бизнеске қолдау көрсету шараларын, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шекті баға белгіленгенін атап өтті.

Көктемгі егіс науқаны – Үкімет және әкімдіктер ерекше назарда ұстауы тиіс маңызды жұмыс.

– Тұтастай алғанда, жағдай бақылауда. Елорда мен Алматыдағы қазіргі жағдай тұрақты. Бірақ, Қарағанды, Ақмола, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл облыстарында ауруға шалдыққандардың саны күрт өсіп кетті. Бұл атқарылған жұмыстардың жеткіліксіздігін және қосымша шаралар қабылдау қажет екенін көрсетеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы оңтүстік халық тығыз орналасқан өңір болғандықтан, індеттің таралуы тоқтамаса, жағдай ушығып кетуі мүмкін екенін ескертті. Көктемгі егіс науқаны, «Жұмыспен қамту жол картасы» бойынша жобалар басталған сәтте елдегі эпидемиологиялық ахуалға айрықша назар аудару керек. Бұл – аса маңызды міндет. Мемлекеттік комиссия аймақтардағы карантин шараларының орындалуын қатаң бақылауға алуы тиіс. Полиция мен мемлекеттік органдардың іс-қимылдары тек қатаң шаралар түрінде емес, орынды әрі ақылға қонымды болуы қажет. Жөнсіз әрекеттерге жол берілмеуі тиіс.

Президент ел азаматтары бұрын-соңды карантин жағдайымен бетпе-бет келмегендіктен, ыңғайсыздықтар туындап жатқанына, алайда бұдан басқа жол жоқ екеніне тоқталды. Кеселмен күресте алғы шепте жүрген 30 мыңға жуық медицина қызметкерлері мен дәрігерлердің еңбегін тағы да атап өтіп, оларға жан-жақты көмекті дер кезінде көрсетуді, төлемдерді төлеуде ашықтық пен қатаң бақылау орнатуды тапсырды. Сондай-ақ аймақтар өз мүмкіндігі шегінде дәрігерлер мен медбикелерге қолдау көрсетуі керек.

Қ.Тоқаев медицина қызметкерлерінің ауру жұқтырғанына алаңдаушылық білдіріп, оған жеке қорғаныс құралдарының жетіспеушілігі және қауіпсіздік шараларының сақталмауы себеп болғанын айтты. Науқастарды емдейтін медицина қызметкерлерінің еңбек жағдайы ерекше бақылауға алынып, жеке қорғаныс құралдарымен толық қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл полиция қызметкерлері мен әскерилерге, мемлекеттік орган қызметкерлеріне де қатысты. Сондай-ақ волонтерлардың да қауіпсіздігін ойлау керек.

Президент алдағы уақытта тестілеу ауқымын кеңейтіп, вирустың таралу аумағы туралы толық түсінік болуын маңызды деп санайтынын айтты. Әзірге дәрімен емделмейтін кесел уақытылы анықталса, толық жазылып кетеді. Қиын кезеңнен өткен соң денсаулық сақтау саласының барлық мәселелерін қарап, уақыт шақыруларына жауап беретін шешімдер қабылдау керек.

Мемлекет басшысы төтенше жағдай кезінде табысынан айырылған азаматтарды қолдау шараларына тоқталды. Әлеуметтік көмек көрсету тетіктерінің жеткіліксіз дайындығына, түсіндіру жұмыстарының әлсіздігінен жер-жерде түсініспеушіліктер орын алғанына тоқталып, Үкіметке үйден шықпай, мемлекеттен көмек алудың қадамдық механизмін жасап, оны барлық БАҚ-тар мен әлеуметтік желілерге жариялауды жүктеді. Төлем карталарын қашықтан алу мәселесін 3 күнде шешуді тапсырды.

Сондай-ақ, Президент қаржылық жағдайы күрделі азаматтарға берілетін ақшадан алып қалуды көздейтін табысы жеткілікті адамдардың жолын кесу туралы айтты. Интернет жүйесі қашықтан оқытуға жарамағандықтан, Білім және ғылым министрлігі телеарна арқылы сабақ беруге мәжбүр. E-gov-тан да іркіліс байқалды. Осыдан сабақ ала отырып, IT саланы жаңа сапалық деңгейге шығару үшін келесі жыл елімізді тиімді цифрландыру белгісімен өтуі тиіс. Сонымен бірге денсаулық сақтау, білім мен ғылым салаларында түбегейлі реформа жасалуы, ол қазірден бастап әзірленуі керек.

Бүгінде ел тұрғындарының 37 проценті түгелімен оқшауланған қалаларда тұратындықтан, оларды, әсіресе әлеуметтік аз қамтылған топтарды, қажеттіліктермен қамтамасыз ету мәселе туындатып отыр. Президент бұл жағдайды Үкімет пен әкімдіктерге тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Мемлекет басшысы қолайсыздықтар туындамас үшін азық-түлік бағасының қолжетімдігі мен оны жеткізуді қамтамасыз ету, әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасына қатысты міндеттер жүктеп, коммуналдық қызмет ақысын төмендету туралы айтты. «Жұмыспен қамтудың жол картасы», жергілікті тауарларды сатып алу, қызметтерді пайдалану жайын қозғады. Көптеген отандық тауарлар ішкі нарықтың сұранысын өтей алады.

Мемлекет басшысы отандық бизнесті, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне көмек көрсету туралы бірқатар тапсырмалар берді. Сондай-ақ, су тасқыны кезеңін тұрақты бақылауда ұстаған жөн. Әсіресе, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында осындай қауіп бар. Әкімдер тиісті министрліктермен бірлесіп, ұдайы мониторинг жүргізуді және жедел әрекет етуді ұйымдастыруы тиіс.

– 15 сәуірде төтенше жағдай режимі туралы Жарлығымның мерзімі аяқталады. Төтенше жағдай режимін, кем дегенде, сәуірдің аяғына дейін созуға тура келетіні қазірдің өзінде түсінікті болып отыр. Біз коронавируспен аурудың шарықтау шегін әлі өткізген жоқпыз. Індетке қатысты жағдайды жеңілдетуге болмайды. Осы себепке байланысты карантин режимін елордада, Алматы мен Шымкентте және тиісті облыстарда сәуірдің аяғына дейін созуды тапсырамын. Мұның оңтайлы шешім емес екенін түсінемін. Өйткені халық көшеге шығып, қалыпты тұрмысын жалғастырғысы келеді. Бірақ карантин режимін сақтаудан, оқшауланудан басқа жол жоқ. Бұл отандық және халықаралық вирусолог мамандардың ұсынысы» – деп атап өтті Мемлекет басшысы өз сөзінде.

Одан әрі Президент әкімдіктерге жұмыс орнында қатаң санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды, әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ете алатын кәсіпорындардың тізімін дайындауды тапсырды. Аймақтардағы дағдарысқа қарсы штабтар мұндай жұмыс орындарын тексереді.

Қ.Тоқаев ел азаматтарына түсіністік танытқаны, мәдениет қайраткерлеріне «Карантиндегі жұлдыз» жалпыұлттық жобасына үлес қосқаны үшін алғыс білдірді.

– ...Пандемияға ешкім де дайын болған жоқ. Бұрын-соңды болмаған ауыр дағдарыстан біздің халқымыз шырап, жаңа кезеңге бейімделіп шығатынына сенімдімін. Қазақстан міндетті түрде осы қиындықты еңсеріп, тұрақты және сапалы өркендеу жолына түседі, – деді Мемлекет басшысы.

ПІКІР

ҰЛТ БОЛЫП ҰЙЫСА БІЛЕЙІК

ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еліміздегі төтенше жағдайға байланысты «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласы жарияланды. Онда бүкіл әлемді алаңдатып отырған індеттің адамзатты үрейлендіріп, қауіп-қатер төндіргенде халықты сабырға шақыратын, парасатты ойлар білдірді.

Қазіргі таңда әлемде 1 млн 500 мыңнан астам адам осы індетті жұқтырып, ондаған мың адам құрбан болып отыр. Сонымен қатар, қауіпті індет дүниежүзінің экономикасына орасан зор қиыншылықтар әкелуде. Алып өнеркәсіп орындары жұмыстарын тоқтатып, мұнай бағасы құлдырады.

Біздің еліміз қауіпті індеттің алдын алуда бірқатар жұмыстарды бастады. Көптеген сақтандыру шаралары жасалды, жоғары оқу орындары, колледждер мен мектептер қашықтықтан оқыту жүйесіне ендірілсе, базарлар, театрлар, ойын-сауық орталықтары, көрмелер және т.б. жұмыстарын уақытша тоқтатты. Сонымен бірге олар жыл соңына дейін мүлік салығынан босатылды. Қазақстанда 1 млн 300 мыңға жуық шағын және орта бизнес субъектісі бар. Бұл кәсіпорындарда 3,5 млн адам еңбек етеді. Экономикамыздың тірегі боп саналатын шағын бизнес індет тудырған қиыншылықтарға байланысты енгізілген карантиннен кейін жұмысшыларын демалысқа жібергені рас. Оларға Үкімет тарапынан үлкен қолдау көрсетіледі.

Салық салудың жалпы тәртібінде жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер жыл аяғына дейін жеке табыс салығын төлемейді. Сонымен бірге, шағын және орта бизнесті еңбекақы төлеу қорынан төленетін салықтар мен әлеуметтік төлемдерден 1 қазанға дейін босату көзделген.

Мақалада Тұңғыш Президент аға ұрпақ пен зиялы қауым өкілдеріне зор үміт артып, халықты ынтымаққа шақырып, ізгі жақсылықтар жасауға салауатты өмір салтын ұстауға, еңбекке баулуға, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетуге шақырды. Сонымен қатар, індеттен келген қиындықтарды еңсеру үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынын жеткізді.

Жас ұрпаққа да жігерлі жылы лебіздерін білдірді. «Аға ұрпақ сендер үшін қолдан келгенінің бәрін жасады, енді сендердің де күш- қайрат жұмсайтын кездерің келді», – деп жастарды да отансүйгіштікке, өзгеге қамқорлыққа, еліміздің дамуына аянбай еңбек етуіне жол көрсетті.

Атақты ғұлама Әбу Әли ибн Сина кезінде «Үрей – дерттің жартысы, байсалдылық – денсаулықтың жартысы, сабыр – сауығудың басы» деп даналық сөзін айтқан болатын. Біз ұлт болып ұйыса білсек, әлеуметтік жағдайымыз да жақсарып, экономикамыз да қалпына келіп дамиды, індет те жойылады. Халық темірдей тәртіпке бағынып, еліміздің заңдарын қатаң сақтап және індетпен күресіп жатқан медицина қызметкерлеріне көмектесуіміз керек.

Сәкен СЕРІКБАЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты.

Жаһанды жайлаған індеттің қаупі жан-жақты түсіндіріліп, сақтану шаралары қарқынды жүргізіліп жатқанына қарамастан, жұмбақ дерт Сыр өңірінде де сындарлы күйде тұр. Наурыздың аяғына қарай бірлі-жарым бой көрсеткен вирус аз уақыттың ішінде белең алды. Бүгінде өңірде індет ілмегіне іліккендер саны күннен күнге көбейіп отыр. Соның ішінде Шиелі ауданынан 52 науқастың шығуы жағдайдың шын мәнінде күрделі екенін білдірсе керек.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».

«ШИЕЛІДЕГІ ЖАҒДАЙ БӘРІМІЗГЕ САБАҚ БОЛУЫ ТИІС»

Осы орайда облыс орталығы мен ауру көп тіркелген аудандарды карантинге алу жөнінде шешім қабылданды. Қазір инфекцияның таралу қаупін төмендету үшін Қызылорда қаласы, Жаңақорған кенті және Шиелі ауданына қарасты Ш. Қодаманов ауылы карантиндік режимге көшті. Жаңа науқастардың тіркелуіне байланысты Балаби ауылы карантинге жабылды.

2-бет.

ҚАДІРЛІ «СЫР БОЙЫ» ГАЗЕТІНІҢ ОҚЫРМАНДАРЫ!

Қызылорда облысында коронавирустық инфекцияның эпидемиологиялық ахуалы күрделеніп тұр. Осыған байланысты инфекцияның шоғырлану және таралуына жол бермеу мақсатында осы жылдың 8-22 сәуір аралығында карантиндік режимді және тыйым салу шаралары бойынша облыстық Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің (7 сәуір, 2020 жыл) «Облыс тұрғындары арасында қауіпсіздік шараларын күшейту туралы» қаулысы шықты. Оның 9-пунктінде: «... карантин кезінде республикалық, облыстық және жергілікті баспа басылымдардың таралымын таратуды уақытша тоқтату және баспа басылымдар материалдарды электронды нұсқаларда (сайттарда, әлеуметтік желідегі парақшаларында, PDF форматта) жариялауды» атап көрсеткен. Осы қаулыны негізге ала отырып, «Сыр медиа» ЖШС қарасты басылымдардың қағаз нұсқасының уақытша тоқтағанын, дегенде оқырмандарымыз газеттің PDF нұсқасын электронды сайтымыз бен әлеуметтік парақшалардан оқуына толық мүмкіндігі бар екенін еске саламыз. Бұл мәселеге газет оқырмандары түсініспен қарайды деген сенімдеміз.

«Сыр бойы» газетінің ұжымы.

ТОСҚАУЫЛ ТӘРТІБІНЕ ТҮСІНІСТІК ҚАЖЕТ

Облыс бойынша, яғни, аудан мен қалааралық үш санитарлық бақылау посты және 32 тосқауыл бекеті бар. Барлығы 35 бекетте арнайы мамандар тәулік бойы жұмыс істеуде. Төтенше жағдай кезінде тәртіпке бағынбай, елдегі ахуалға көз жұма қарайтындар да жоқ емес. Жоқ емес деп сыпайылап жеткіздік, әйтпесе үйде оқшауланбай, ел ішін қара жаяу кезіп не көлікпен жүйткіп, аталған дерттен сақтануды ұмытқандардың қарасы қалың. Ал аймақта коронавирус індетін жұқтырғандар күннен күнге артпаса, кемімеді. Өкініштісі осы.

Sb **Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы».**

Қызылорда қаласына кіреберіс жолдар бойына бес тосқауыл бекеті орнағанын біз бұған дейін де хабарлағанбыз. Олардың біріншісі – Президент саябағы тұсында, ал екінші бекет – «Әдельвейс» саяжайы маңына қойылған. «Қызылорда-Жалағаш» автожолы Қараөзек елді мекені тұсында 3-бекет жұмыс істесе, «Қызылорда-Жезқазған» автожолы бойындағы Абай ауылы тұсында 4-бекет орналасқан. Соңғы, бесінші тосқауыл бекеті «Шиелі-Қызылорда» автожолында екені әбден түсінікті.

Әр бекетте арнайы әскери бөлімнен 14 әскери қызметкер екі ауысыммен жұмыс істеуде. Арнайы техникадан бөлек, адам тасуға арналған көлік те бар. Шатыр да тігілген. Әскерилерге қосымша облыстық полиция департаментінен бір патрульді экипаж, 2 қызметкер бөлініпті. Бұған аймақтың денсаулық сақтау басқармасынан бір экипаж жедел жәрдем қызметін қосыңыз. Медқұрамда 2 фельдшер, 1 жүргізуші бар. Бекеттегі барлық қызметкерлер медициналық қорғаныс киімдерімен қамтылған.

Біз Президент саябағы тұсындағы тосқауыл бекетінде болдық. Қалаға жақын ауылдар, саяжай тұрғындары арнайы анықтама арқылы өтіп жатты. Құқық қорғау қызметкерлерінен бөлек, арнайы әскери жасақ қызметкерлері қатаң тексеріс пен көліктер қозғалысына жауапты. Медбикелер бекеттен өтуші әр жүргіншінің дене қызуын қадағалауда.

– Әр адамның қызуын өлшеп, байқалса, тиісті мекен-жайы арқылы тіркеуде тұратын емханаларға жолдап отырмыз. Тағы бір айтатын жағдай, шет елден келген үлкен көлік жүргізетін азаматтар жергілікті жердің тұрғыны болса, оларды да тиісті емханаға хабарлап, бірден оқшаулаймыз. Тіпті дене қызуы болмаса да, – дейді медбике қыз.

Бекет басында кей-кейде түсінбеушілік болып, тұрғындар тарапынан реніш туып жатады. Карантин кезінде шектеу – дерттің алдын алудың бірден-бір кепілі екенін мұндағылар түсіндіріп әлек.

– Қалаға кіру әлдеқайда күрделі. Жұмыс орным берген анықтама арқылы ғана қатынаймын. Өйткені өзім орталықта жұмыс істеймін. Тәртіпке көнген барлығымызға да дұрыс. Жағдайдың тез түзелгені өзімізге жақсы ғой, –дейді «Әдельвейс» саяжайының тұрғыны Роза Дүйсенова.

Облыстың бас санитарлық дәрігерінің 7 сәуір күні №7 қаулысы шыққанын баса айтқан жөн. Онда көрсетілген тұрғындар мен көлік қозғалысындағы шектеулерге аса қатты мән берілуде. Қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында қала ішіндегі тұрғындар мен көлік қозғалысын шектеуге 4 жерге 11 патрульдік полиция бақылау бекеті қойылды. «Солтүстік темір жол» көпіріне (Гагарин шағын ауданы) үш, Қорқыт ата мен Жаппасбай батыр көшесіндегі қиылыста орналасқан өткел маңына орналасқан (жергілікті жұрт «Коммунизм» тесік көпірі деп атайды) екі патрульдік бекет болса, «Аспалы көпірге» төрт және Тасбөгет кентіне кіреберісте екі патрульдік бекет орналастырылған. Мұндай шаралар барлық аудан орталықтарында да қабылданды.

Қаулыға сәйкес, карантин кезінде ұжымдық, отбасылық жиындарға, көрші, туған-туыстарға баруға тыйым салынған. Тұрғындардың кешкі сағат 21:00-ден таңғы сағат 06:00-ге дейін жүруіне жол берілмейді. Ал күндіз сағат 06:00-ден 21:00-ге дейінгі аралықта тек жақын радиустағы дәріханалар мен азық-түлік орындарына 1 адамнан артық жүруге болмайды. Сондай-ақ, 55 жастан асқан азаматтар көшеге шықпағаны жөн.

Біз телефонмен тілдескен облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Бауыржан Ибраев қала іші мен облыс орталығына кіреберіс бекеттер жайын айтып берді.

Оның айтуынша, бекеттердегі қызметкерлердің толыққанды жұмыс жасауына жағдай бар. Ауа райы қолайсыздық тудырғасын, шатырлар құрылып, жарық және байланыс құралдарын орнату жұмыстары жүргізілді. Мұндағы қызметкерлерді ыстық тамақпен қамтамасыз ету мәселесі шешілген.

– Карантинді түсінбейтін азаматтар бар. Біз әр тұрғынмен сөйлесу барысында ашық пікірлесіп, түсіндірме жасап келеміз. Жеке көлік иесі арнайы жұмыс орны ұсынған анықтамамен ғана жүре алады. Онда да жұмысқа қатынау үшін. Мысалы, сіз барған саябақ маңындағы бекеттен өтетін адамдар арасында қалаға қатынап істейтін құқық қорғау қызметкері, дәрігер, ауыл шаруашылығы мамандары болады ғой. Оларды соған сәйкестігін анықтап қана қалаға кіргізе аламыз. Қала ішіндегі жеке көлігі бар азаматтар өзі тұратын шағын ауданынан тұрақты жұмысы болмаса да шығып жатыр. Түрлі сылтау айтып, азық-түлік не дәріханаға баратынын айтады. Сол қажеттіліктер өзі тұратын жерде де бар емес пе?! Ретсіз қозғалып, талаптарды орындамаған тұрғындар әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын ескертеміз. Індеттің таралуына жол бермеу мақсатында қолданылып жатқан шараларға түсіністік танытып, бізді де қолдап, үйлеріңізде болуларыңызды сұраймыз, – дейді полиция полковнигі Б.Ибраев.

Аймаққа кіру кезіндегі карантин тәртібі әдеттегіден де күшейген. Сонымен қатар, облыс шекарасында екі бағытта 3 санитарлық бақылау бекеті қойылған. Бірінші бағыт – Арал ауданы «Шымкент-Самара» автожолында. Бұл бекетте полиция департаментінен 8 қызметкер мен 2 медициналық қызметкер және 2 санитарлық дәрігер жұмыс істеуде.

Екінші бағыт – Жаңақорған ауданы «Шымкент-Самара» автожолының Бірлік елді мекені тұсында орналасқан. Мұнда да 6 полиция, 2 медқызметкер, 2 санитарлық дәрігер бар. Үшіншісі де – осы Жаңақорған ауданында. «Көктөбе» елді мекені тұсында орналасқан санитарлық бекетте де, жоғарыда айтқандай, арнайы құрам өз қызметтерін атқарып отыр.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

«ШИЕЛІДЕГІ ЖАҒДАЙ БӘРІМІЗГЕ САБАҚ БОЛУЫ ТИІС»

Осы орайда ахуалды білу мақсатында Шиелі аудандық ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Бақтыгүл Мұсағалиевамен телефон арқылы байланысқа шықтық. Белгілі болғанындай, індет жұқтырған 52 адамның 42-сі Ш.Қодаманов ауылының тұрғыны. Карантинге жатқызылғандардың 60 проценті де осы ауылдың азаматтары. Бүгінде науқастанғандардың 47-сі облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына тасымалданып, ем алуда. Ал аудандық жұқпалы аурулар бөлімінде бес науқас жатыр. Оған қоса, провизорлық бөлімде 7 күдікті, карантиндік бөлімде 184, үй жағдайында 143 адам бақылауда.

Шиелі аудандық ауруханасында індет таралуының алдын алу бойынша бірқатар іс-шаралар қабылданды. Ауруханың ескі ғимаратынан 7 инфекциялық, 15 провизорлық және 100 карантиндік орын дайындалып, құрамында 6 қызметкер бар медициналық бекет жасақталды. Әр бекетке бір дәрігер, екі мейірбике, екі тазалықшы. Індеттің аудан ішінде тез таралып, жағдайдың күрделенуіне байланысты аудан әкімдігінің қолдауымен карантиндік орындар 200-ге дейін көбейтілді. Қажеттілікке байланысты аудандық агроколледж ғимараты қосымша пайдалануға берілді. Медициналық көмек көрсететін 60 қызметкер арнайы бұйрықпен бекітілген кезекшілік кестесі бойынша жұмыс істеуде. Олардың арасында екі инфекционист, екі эпидемиолог, бірнеше жалпы тәжірибелік дәрігер бар, – деді Бақтыгүл Сағидоллақызы.

Сондай-ақ, ол барлық мамандар бірреттік киімдермен, қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілгенін айтты. Ауданда жол қозғалысын бақылайтын 6 бекет ашылып, медициналық қызметкерлер, жүргізушілер үш ауысымда тәулік бойы жұмыс істеуде. Теміржол вокзалында да бекет ашылып, онда медицина мамандары екі ауысымда еңбек етуде.

Қалыптасқан эпидахуалға байланысты ауданның бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Кенжебек Әбішевке хабарласқан едік. Ауданда жұмыс барысымен жүрген облыстың мемлекеттік бас санитарлық дәрігері Әлия Әбдіқайымованың өзі байланысқа шықты. Бас санитарлық дәрігердің айтуынша, ауданға қарасты Ш.Қодаманов елді мекенінде топтасқан жағдай тіркеліп отыр. Анығын айтқанда, 23 наурызда Нұр-Сұлтан қаласынан келген қыз бала 25 наурызда құрбыларымен басқосу жасайды. 27 наурыз күні келесі басқосу ұйымдастырылады. Осылайша үй ішіндегі бес адамнан бөлек басқосуға жиналған 30-дан аса жанмен қарым-қатынас орнатады. Осының негізінде вирус тізбектеліп жалғаса берген.

– Бүгінде елді мекен толықтай карантинге жабылды. Залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуде. Ол үшін Тараз қаласының 21/356 әскери шекара бөлімінен жауынгерлер көмекке келіп, жұмылдырылды. Одан басқа, орман шаруашылығы қызметкерлері де автокөліктерімен шашырату арқылы залалсыздандыру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, Жаңақорған аудандық ұлттық сараптама орталығы аудандық бөлімшесінің мамандары да көмекке келіп, індет ошақтарын залалсыздандырды, – деді Ә.Әбдіқайымова.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, қиын күндерде бір-бірімізге қолғабыс беріп, көмек көрсету ләзім. Әлия Мүтәліпқызының айтуынша, ауданға Арал теңізі обаға қарсы күрес станциясынан жылжымалы автолаборатория шақыртылып, қондырғы орнатылды. Бұл – зерттеуді аз уақыт ішінде жүргізіп, ауруды ерте анықтау мақсатында жасалып отырған оңды қадам. Ол үшін Алматы қаласындағы Айқынбаев атындағы Қазақ зооноздық және карантиндік жұқпалы аурулар жөніндегі ғылыми институтынан арнайы маман шақыртылған.

Айтып өткеніміздей, анықталған науқастар негізінен облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына тасымалдануда. Әйтсе де, аудан дәрігерлері облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы мамандарымен телемедицина арқылы байланысып, қажет кезде кеңес алуда.

Бүгінде Ш.Қодаманов ауылы қатаң карантинде. Ауылға ешкім кіріп-шыға алмайды. Азық-түлік, дәрі-дәрмек секілді қажетті дүниелер блок-бекетке әкелініп, сол жерден ауылға қарай арнайы адам алып кіргізеді.

– Осындай шаралар арқылы індеттің жұғу тізбегін үзуді ойлап отырмыз. Тәжірибеден көріп отырғандай, бір адамның карантиндік талапқа бейқам қарауы бүкіл отбасының, досжаранның, ауылдың індетке шалдығуына себепкер болып отыр. Шиелі ауданында орын алған бұл ахуал әрқайсымызға сабақ болуы тиіс. Тұрғындардан карантин тәртібіне бағынып, өзін және өзгелерді қауіпті вирустан қорғауды сұраймыз, – деді облыстың бас санитарлық дәрігері.

1-бет.

СҰРАНЫСТЫ СҰХБАТ

«ЕРІКТІЛЕР ІСІНЕ ЕЛ СҮЙСІНДІ»

Биыл – еріктілер жылы. Бұл қатарға қосылған жастардың алды қауіпті індетпен күреске өз үлестерін қосып жатыр. Жер-жерден құрылған еріктілер ұйымы түрлі деңгейдегі қайырымдылық шараларын жасауда. Көктемгі науқан кезінде дала диқандарына жәрдемдесіп жатқандары да жетерлік. Осы ретте «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиал төрағасы Талғат Оспанұлы Тілесті әңгімеге тартқан едік.

– Талғат Оспанұлы, еріктілердің көп еңбегінен хабардармыз. Десе де, осы істердің қоғам үшін қаншалықты маңызды екеніне тоқталсаңыз...

– Әлбетте, маңызы ерекше. Қазақта «Болар бала он бесінде баспын дер...» деп бекер айтылмаса керек. Әлемді дүр сілкіндірген қауіпті індетпен күрес бәрімізге ортақ екенін ел жастары әу бастан ұғынды. Бұл бағытта алдыңғы буынмен бірге иық теңестіре еңбек етіп келеді. «Біз біргеміз!» акциясы аясында титімдей болса да үлес қосуды мақсат еттік. Теңіз тамшыдан құралатынын жақсы білесіз. Біз өңірдегі депутаттар мен меценаттарды, жас кәсіпкерлерді осы іске тарту арқылы күні кешеге дейін 1500 отбасын азық-түлікпен қамтамасыз еттік. Олардың ішінде тұрмысы төмен отбасылар, жалғызбасты аналар және қарт кісілер алдыңғы қатарда. Карантин уақытында бізге белгілі бір талаптар қойылды. Барынша сақтық шараларымен үйлеріне жеткіздік. Бұған жасотандық 120 ерікті атсалысты. Акция әлі де жалғасып жатыр. Оған қоса қыздар үйде отырып, 3 мың бетперде тікті. Оны қоғамдық көлік тоқтамас бұрын жүргізушілер мен кондукторларға, базарда азық-түлік сатушыларға, жалпы алғанда, халықпен тікелей байланыстағы жандарға үлестірдік. Жас кәсіпкерлер қолдап, антисептиктермен қамтамасыз еттік. Бұнымен шектеліп қалмаймыз. Студент жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында әлеуметтік желі арқылы ұлы Абайдың 175 жылдығына орай онлайн түрде интеллектуалды сайыс өткіздік. Жеңімпаздар қаржылай сыйлықтармен марапатталып, жүлде онлайн түрде аударылды. Мұнан кейін де жастар өз өнерін онлайн көрсету арқылы «Үйде бол!» челленджін бастайды. Мұның барлығының қоғам үшін өзіндік маңызы бар деп ойлаймын.

– Ауылдық жерлерде де еріктілер ұйымы құрылғанынан хабардармыз. Олар немен айналысып жатыр?

– Еріктілер барлық жерде де бар. Осы шаралардың барлығына бірдей атсалыстық. Көктем – тіршіліктің тамырына қан жүгіріп, Жер-ананың бауыры жібитін шақ. «Көктемнің бір күні – жылға азық» деуші еді ғой. Шаруашылық құрылымдардың құрамында арық қазу, егін егуге атсалысу тәрізді маңызды жұмыстарды атқаруда. Қай жерден құрылды, сол жерде еңбек етіп жатыр. Әлеуметтік желіде олардың жұмыстары көрініп тұр. Сырдария ауданына қарасты бірнеше ауылдың ерікті жастары карантин уақытына дейін жалғызбасты аналар мен тұрмысы төмен отбасылардың ауласын тазалап шарбағына дейін жаңалап берді. Қысқасы, еріктілердің ісіне ел сүйсінді.

– Беткеұстар қандай нәтижелеріңіз бар? Еріктілердің еңбегінің ішінде қайсысына ерекше тоқталар едіңіз?

– Сіз білесіз бе, облыс орталығында қақпақсыз қалған құдық көп. Бұрындары үлкен мәселе болып көтеріліп жүрген. Кейін бәсеңдегендей болды. Сөйтсек, бұл проблема әлі де бар екен. Облыста 85 құдық қақпақсыз жатыр. Біз мұны тексерерде қасымызда арнайы бөлім мен басқармалардың мамандары болады. Мән-жайды анықтап, дейін және кейін деген фотоесептермен әлеуметтік желіге жариялап отырдық. Құдықтардың барлығы коммуналдық салаға тиесілі деп ойлаймыз. Бұл – қате пікір. Олардың ішінде теміржолға да, электр желілеріне де қарайтындары бар. Біз ашық құдықтың басына барғанда сол маңдағы тұрғындар келіп, алғысын білдіріп жатады. Олардың сөздеріне қарағанда, жағдай көптен бері осындай. Металл қабылдау пункттерін араладық. Қабылдамау керегін айтып түсіндірме жұмыстарын жүргіздік. Ал олардың бізге не айтқанын білесіз бе?! Бүтін тұрған қақпақты ұрлағандар әдейілеп сындырып, қырық бөліп апарады екен? Сынық қақпақты қабылдамауға олардың еш құқы жоқ. Міне, ұрықары дегеніміз қоғамнан айласын асырып, жан бағып жүр. Бұл да – біздің қоғам болып күресетін мәселеміз. Еріктілердің де еңбегі зор. Осы нысандардың барлығын аралап, жіті бақылауға алды.

– Жастардың ұйымдастырушысы ретінде алдыңызға үлкен мақсаттар қойған боларсыз. Осы кезге дейін жинаған тәжірибеңіз бар. Өңір жастарының басын қосуда, бір арнаға тоғыстыруда қандай қасиет керек?

– Орталық алаңдағы жұмыс орнымнан үйге қайтып бара жатып велосипедпен түрлі трюктар көрсетіп жүретін жастарды көретінмін. Күн сайын жандарынан өтіп бара жатып, бұларға не істеуге болады деп ойландым. Өйткені, маған олардың жүріс-тұрысы қазақы менталитетке келіңкіремейтіндей көрінеді. Көпшілігі денесіне сурет салдырып алған. Өтіп бара жатып, біреуін әңгімеге тарттым. Шара өткізіп, осы қабілеттерін сынға түсіргім келетінін жеткіздім. Олар келісе кетті. Көп ұзамай демеуші тауып, көше спортынан жарыс ұйымдастырдық. Бәрі белсенді. Жеңімпаздарды марапаттау сәтінде жүргізуші менің атым мен қызметімді атап, ортаға шақырғанда олар таңғалғаны бар. Мен мұнда не айтқым келді?! Әлбетте, қай ортамен тілдессеңіз де, сол ортаның тілімен сөйлеу керек. Олар «Nur Otan», «Jas Otan» ұйымдарына қатысып көрмеген, тек оқта-текте теледидардан көріп, естіп қалатыны болмаса... Бізге қарапайымдылық керек. Алдыңызға жағдайын айтып келген адам ресми киініп, галстукпен отырған сізге ағынан жарылып ештеңе айта алмайды. Қарапайымдылық үстіңіздегі киімнен бастап көрініп тұрады. Сіздің сұрағыңызға жауап осы. Барлық жасты бір арнаға тоғыстыру үшін олардың әрбірімен өз тілінде сөйлесу керек. Сонда ғана сіздің жоспарыңыз бен мақсатыңыз барлығына түсінікті болады.

Әңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы».

Кредиттік каникул – кәсіпкерлерге көмек

Дүние жүзінде пандемия жарияланауына байланысты қызылордалық күрішшілердің жеңілдіктен қағыламыз ба деген қорқынышы сейілді. Оған облыстық кәсіпкерлер палатасы араласып, мәселенің нүктесін қойды.

Sb Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».

Еуразиялық экономикалық одақ құрамында жоқ елдерге маусым айының соңына дейін бірқатар азық-түлікті шығаруға тыйым салынған еді. Оның ішінде күріш те бар. Мұны естіген сырбойылық кәсіпкерлер абдырап қалғаны рас. Өйткені еліміз бойынша ақмаржанның 90 процентке жуық бөлігі біздің өңірде егіледі. Ала жаздай атыз жағалап, ащы терін жерге сіңірген талай адам шаруашылықтың осы түрінен нәпақасын айырып жүр. Кәсіпкерлердің шырылдаған үні Үкіметке жетіп, одан нәтиже шықты.

– Олардың табысы экспортқа тәуелді. Мәселені тиісті министрліктердің назарына ұсынудың арқасында күріш экспортына кедергі жойылды, – дейді палатаның бөлім бастығы Жасұлан Серіков.

Бұған басты дақылды өндіруші, өңдеушілер дән риза.

– Ұйым аймақтағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мүддесін қорғап, көктемгі науқан кезінде кедергілерге жол бермеу мақсатында осылай көмектесіп жатыр, – дейді «Абзал және К» ТС директорының орынбасары Сағидулла Сыздықов.

Елдегі карантин режимінен шағын және орта кәсіпкерлік саласы өкілдерінің еңсесі түскені анық. Өйткені қалыптасқан күрделі ахуалға байланысты талай бизнес нысаны қаңырап қалды, қаншама адам табысынан айырылды. Алайда, Президент тапсырмасымен саланы қолдаудың бірқатар тетігі әзірленді. Ұлттық экономика вице-министрі Мәди Такиевтің айтуынша, экономиканы сауықтыру үшін салықтық ынталандыру шаралары қабылданды. Мәселен, сауда, ойын-сауық, қоғамдық тамақтандыру, қонақүй және туристік қызмет орындары, кинозал, театр, көрме, спорт нысандары жыл соңына дейін мүлік салығын төлемесе болады. Одан бөлек, салық салудың жалпыға ортақ тәртібімен жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер жеке табыс салығынан босатылды.

Мемлекет басшысының шағын және орта бизнестегі барлық несие бойынша негізгі қарыз бен сыйақының төлем мерзімдерін кейінге қалдыру туралы тапсырмасына сәйкес аймақтағы екінші деңгейлі банктер, қаржы ұйымдары қарқынды жұмыс атқарып жатыр. Облыстық кәсіпкерлер палатасының call орталығына хабарласып, осы жөнінде сұраушылар көбейді. Мамандар олардың ешбірін елеусіз қалдырмайды. Әр сұраққа жеке мән беріп, қаржы ұйымдарына жолдайды.

– Кәсіпкерлік субъектілерінен кредиттік каникул алу үшін қаржы ұйымдары мен екінші деңгейдегі банктерге бағытталған 901 өтінім түсті. Оның 665-і мақұлданды. Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламалар аясында 52 жоба бойынша жалпы сомасы 5,8 млрд теңге болатын несие төлемі кейінге қалдырылды, – дейді палата директоры Ғалымбек Жақсылықов.

Жалпы, «Қазақстан халық банкі» АҚ-ның Қызылорда және Байқоңыр филиалдарына 376 өтінім түсіп, оның 371-і қолдау тапты. Мемлекет басшысының тапсырмасы осылайша түгел дерлік орындалды. «Банк ЦентКредит», «Форте Банк» филиалдары да қарбалас шақта клиенттерінің тілегіне құлақ асып, оны орындау үшін қам жасауда.

Ендігі жаңалық, «Қызылорда» өңірлік инвестиция орталығы жергілікті кәсіпкерлер палатасының сенімді басқаруына берілді.

– Бұл бізге әрбір жоба бойынша жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Осы орайда аудандық филиалдардың басшылары жобаларды бақылау кеңесінің қарауына шығару үшін оларды сүйемелдеуге алып, мониторинг жасап жатыр, – деді палата директоры.

Атқарылған жұмыстың арқасында өңірлік инвестиция орталығы жалпы төлем сомасы 30,6 млн теңге болатын 75 жобаны кейінге қалдырды.

Қауіпті індеттің тез таралуына байланысты Қазақстан ғана емес, бүкіл әлем жапа шегіп отыр. Президент тапсырмасына сәйкес ел Үкіметі халыққа қол ұшын беруге, кәсіпкерлерді қолдауға әзір екенін көрсетіп, әртүрлі шараларды қолға алды. Кәсіпкерлік – кез келген экономиканың тірегі екенін ескерсек, төтенше жағдай кезінде сын-қатерлермен бетпе-бет келген шағын және орта бизнесті қолдауға басымдық беру – маңызды шешім.

Қауіпті дерттен сақтану үшін дәріханадан бетперде таппай жүргенде ауылдағы тігінші Жұпаркүл апамыз әдепкілердің қатарында оны қолдан тіге бастады. «Dalatex» компаниясы қала халқын қамтамасыз етсе, Қоғалыкөлдегі жүртшылық бетпердені Жұпаркүл Нұржановадан алды. Қаладан алуды ұмыт қалдырғандар мен бетперде таппай сабылғандар тігінші апайдың есігін қақты. Әлбетте, аспандағы бағаны сұраған жоқ. «Қанағат қарын тойдырар» деп қалтаға қонымды бағаға ауылдастарына ұсынды. Тіпті біршамасын тегін де таратты.

Sb Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы».

Карантиндегі кәсіп

– Ел басына күн туғанда мойынға түскен жүкті жұмыла көтерген жөн. Әйтпегенде, тарыдай шашырап әрбіріміз өз қамымызбен кетсек не болмақ?! Өзім Қызылорда қаласында тігіншімін. Карантин уақытында ауылда қалдық. Отбасымызбен үйдеміз. Халыққа бетперде қат болып жатқанда қолдан тігіп бастап едім, қазір менің осы ісімді жалғап жатқан қызкеліншектер көбейді, – дейді Ж.Нұржанова.

Тағы бір байқағанымыз, індеттен үрейленген жұртшылық қазір тіпті сауданы да сақтықпен жасайтын болды. Әдепкіде сақтық шараларын қолданғанға күле қарайтын көпшілік қазір маска мен резеңке қолғапты тастамайтын болған.

Қалдыбек Қожақов соңғы он жылдың көлемінде азық-түлік дүкенін ашқан. Оңтүстік өңірден көкөніс әкеліп, біздің өнімдер көк түйнек кезде дүкен сөресіне тізіп қояды. Еңбекқорлығына талай жан тәнті. Десе де, карантин уақытында оның дүкендерінде де жұмыс саябырсыған. «Елмен бірге көреміз» дейді кәсіпкер.

– Қазір бізге уақыт беріп қойды. «Тәртіпке бас иген құл болмайды» деуші ме еді?! Әкімшілік қойған уақытпен жұмыс істейміз. Сауда бұрынғыдан 60-70 процентке азайды. Өйткені, халық карантин басталғалы базардан қаптап үйіне тасып алған. Бірен-саран адам күнделікті қажетті нан-суға келеді. Сақтық шараларына жұрт қалыптасып қалды. Бетперде тағып, қолғап киіп жүр. Аман болайық, не болса да елмен бірге көреміз, – дейді Қ.Қожақов.

Айтпақшы, қазір онлайн сауда жасау ел арасында кең қолданысқа енді. Мәселен, қызылордалық Шәкен Құрманғазы 2007 жылдан бері несібесін саудадан айырып келеді. Соңғы бес-алты жыл көлемінде ол «Айтбек» сауда үйінде спорттық заттар мен киім-кешектер сатуды қолға алды. Карантин басталғалы бері онлайн жүйеге көшкенін айтады.

– Instagram желісінде парақшамыз бар. Сол арқылы тапсырыс беріп жүрді. Халықтың сақтық шараларына мән бере бастағаны соншалық, басым көпшілігі электронды түрде есептеседі. Қазір екі адамның бірінде «Каспий голд» қосымшасы бар. Сол арқылы кімге қанша қаржы жібергіңіз келсе де, орындай бересіз. Ал онлайн сауданың жақсы жері таңнан қара кешке дейін дүңгіршекте қамалып отырмайсыз. Қажетті затты апарып беріп, әрі қарай қосымша жұмысыңызды бітіресіз, – дейді Ш.Құрманғазы.

Даңғыл жолдар бос. Көлік те ілуде біреу кездеседі. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін ғана байқайсыз. Көпқабатты үйлердің маңынан өтсеңіз, терезеден сыртқа көз тастаған адамдар. Иә, қысылтаяң шақта тәртіпке бағынып, үйде болған қандай жақсы?! Қауіп сонда сейілмек.

Коронавирус дерті әлем экономикасына мықтап салқынын тигізе бастады. Сарапшылар бүгінгі ахуалды сараптан өткізіп, оның зардабы әсіресе, жаңа басталған екінші тоқсанда күрт сипат алатынын айтады. Қазір Қытай экономикасы есін жия бастады. Бірақ Еуропа елдеріндегі жағдай әлі күрделі. Оған АҚШ экономикасында орын алған дағдарысты қосыңыз.

Sb Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы».

Бизнесті не күтіп тұр?

Сол сарапшылардың пікірінше, әлем экономикасы, оның ішінде бизнес 2020 жылы рецессияға ұшырайды. Қазірдің өзінде орта және шағын бизнестің жағдайы ауыр. Мемлекеттер салаға көмектесу бағытында көптеген шараларды қолға алды. Франция үкіметі шағын және орта бизнеске жалдамалы жұмысшы қызметкерлерді қолдау бағытында 45 млрд еуро бөлді. Сондай-ақ үкімет наурыз, сәуір айында салаға тиісті салықтық төлемдерді төлеуді кейінге қалдырды. Сонымен бірге несие төлемін шегеру үшін 300 млрд еуро бөлінді.

Германияда осындай шаралар қолға алынды. Қаржы министрі Олаф Шольц компанияларға 500 млрд бөлінетінін мәлімдеді. Австрия үкіметі экономиканы қолдауға 4,4 млрд бөлуге шешім қабылдады. Еурокомиссия президенті Урсула фон дер Ляйен орта және шағын бизнесті қолдау арқылы олардың дағдарыстан кейінгі жұмысының өрге басуына ықпал жасайтынын мәлімдеді. Сарапшылардың пікірінше, бүгінгі күрделі кезеңде бөлінген қаржы экономиканың дағдарыстан кейінгі ахуалына оңды ықпал жасайтын болады.

Украинаның Жоғарғы Радасы кәсіпкерлердің салық ауыртпалығын жеңілдету, бұл бағыттағы пенялар мен айыптарды тоқтату туралы заң қабылдады. Бизнестің несие өтеуіне каникул, ұлттық валютаны қолдау үшін Ұлттық банк өз қорынан интервенция жариялады. Бірақ Еуропа елдеріне қарағанда Украинаның жағдайы біршама күрделі. Себебі қор тапшы, қаржы жетіспейді. Рада осыған орай 2021 жылдан бастап жер сатуды жүзеге асыру жөнінде заң ережелерін қабылдады. Бұл орайда бүкілхалықтық референдум жүргізілмекші.

Коронавирустен Италия барынша зардап шекті. Үкімет декрет қабылдап, экономиканы сақтап қалу бағытында 25 млрд еуро бөлмекші. Бұған қосымша денсаулық сақтау жүйесіне 3,5 млрд еуро бөлінеді. Банктің мемлекеттік кепілдігі бойынша бизнес пен халықтың қарызы және ипотекалық несиелер бойынша өтем жасалады. Карантин салдарынан жұмыс істеу мүмкіндігінен айырылған халық тобына арнайы төлемдер төленеді. Сонымен бірге әлеуметтік қорғау шараларымен көптеген отбасылар қамтылатын болады.

Испания премьер-министрі Педро Санчес экономиканың тұралап қалмауы үшін 200 млрд еуро қаржы бөлетін болды. Сарапшылардың атап өткеніндей, мұндай мемлекеттік қолдау Франко режимінен кейін, яғни 50 жыл көлемінде болған емес. Үкімет басшысы мемлекет бүкіл қиындықты өз жауапкершілігіне алатынын мәлімдеді.

Польша және Словакия мемлекеттері тиісті шаралар қабылдауда. Словакия экономика министрлігі өзін-өзі жұмыспен қамтылғандарға 3 ай бойы әлеуметтік және медициналық төлемдер төлеуді кейінге қалдырды. Жұмыс істейтін азаматтардың бірі карантинде болған жағдайда оған орта табысының 80 проценті сақталатын болды.

Эстонияда экономикалық қолдауға 2 млрд еуро бөлінеді. Бұл сарапшылардың пікірінше елдің ішкі жалпы өнімінің 8 процентін құрайды. Ел премьер-министрі Юри Ратастың пікірінше, қазіргі таңда бизнесті банкроттықтан сақтап қалу саланың алдағы мерзімде жемісті еңбек етуіне негіз қалайтын болады. АҚШ-та жалпы зардаптың күшін жоюға 6 трлн. доллар бөлуге шешім қабылдады. Орасан зор қаржының негізі шағын және орта бизнеске бөлінетін болады.

Дания үкіметі жеке компанияларға олардың әрқайсының жалақыларын өтеуге тиісті қаржы бөлуге тапсырма берді.

Қазір әлемде логистика, тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру, жанар-жағармай сату, туризм, қонақ үй салаларына қиын болып тұр. Еуроодақ, Қытай және АҚШ әлемде жанар-жағармайдың 60 процентін тұтынады. Қазір оларды сату төмендегендіктен және қызмет көрсету саласы уақытша жұмыстарын тоқтатқандықтан олардың табыстары 50-60 процентке төмендеді. Әуе компаниялары банкроттыққа ұшырауға жақындады. Бүкіл әлемдік еңбек ұйымының деректері бойынша бүкіл жұмысшы күшінің 81 проценті карантинде отыр. Тығырықтан шығудың жолы қандай? Кім, қандай шығынмен шығады? Болашақта әлем экономикасы қандай бағытта дамитын болады? Қазір осы сұрақтардың жауабы төңірегінде саясаткерлер барынша бас қатыруда.

Сарапшылардың пікірінше, экономиканы сауықтыру оңайға соқпайды. Бизнес саласындағы, сондай-ақ жалпы экономикадағы оңды ахуалдың нышандары 2020 жылдың соңына қарай байқалатын болады. Бірақ бұл орайда пікірлер сан алуан. Жалпы созылмалы рецессия 2021 жылдың көктеміне дейін созылуы ғажап емес. Оптимисті көзқарастағы сарапшылар дағдарыстан кейін әлем экономикасы 1,5-2 жылдан кейін жақсы өсіммен дамитынын болжайды. Бұл орайда әлемдік валюта – АҚШ долларына деген сенімсіздік біртіндеп жоғалады. Мемлекеттердің валюталарын алтынға балап бағалау негізге алынады. Халықаралық валюта қорының құрылымы, мазмұны өзгереді. Бұл орайда сарапшылар Қытайдың, Үндістанның, Жапонияның, Скандинавия елдерінің, Ресейдің мүмкіндіктері мол екенін айтады. Әлбетте, осының барлығына уақыт төреші.

«Жедел желі» нөмірлері

Қызылорда қаласындағы блокпосттардан (қала сыртына) азық-түлік тауарларын, дәрілік заттарды, медициналық заттарды және басқа да тұрғындардың өмір сүруіне қажетті тауарларымен кіріп-шығуға рұқсат беруге жауапты маман, Кәсіпкерлер палатасынан Жасұлан Серіков – 8 702 530 6933, Алма Пирманова – 8 701 560 11 27.

Қызылорда қаласындағы кәсіпкерлердің қала ішінде жүріп-тұру мәселесіне жауапты қалалық кәсіпкерлік және туризм бөлімінен Алмасбек Есмаханов – 8 778 328 2327, Нұрсұлтан Қонақбаев – 8 701 817 3707.

Мұнай саласындағы кәсіпкерлердің мәселесіне жауапты Қызылорда облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасынан Ербол Елеуішов – 8 701 350 22 70, 8 /7242/ 60-54-06.

Түркістан облысы мен Шымкент қаласына Қызылорда облысынан баратын кәсіпкерлердің мәселесіне жауапты облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан Бақытжан Демесінов, 8 705 710 5510, 8 /7242/ 60-54-47.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі.

БІЗДІҢ АУЫЛ

ШІРКЕЙЛІ

Халықаралық дәліз жолдың бойында орналасқан Шіркейлі даму тұрғысынан көп ауылдан алда келеді. Бірлігі бекем болған соң тірліктің де тізу болатыны анық. Қазір елдегілер құрылыс заттары үшін ат арытып қалаға бармайды. Өйткені, мұндағы «Мәді қажы» ЖШС үш жылдан бері құрылыс жұмыстарына қажетті бірқатар өнімді шығарып келеді. Ал облыс халқы сүйсіне ішіп жүрген түрік айранының Шіркейліден шығарылатынын біреу білсе, біреу білмес. Салық базасы да нығайып, өткен жылы шіркейліліктер межеден аса орындаған. Бұл да елдегі кәсіпкерліктің кеңге құлаш ұрып, өндірістің өркен жайғанын аңғартқандай.

Sb Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы».

– Экономика біздегі бар салаға байланысты. Егін егіп, мал ұстасаң, ол да – экономика. Өнім өндіріп, саудаға аралассаң, оның да бір ұшы осы салаға тіреліп жатады. Ендеше, экономика – біздің тіршілігіміздің айнасы. Менің түсінігімде солай. Ауылда мал шаруашылығына атсалысып, кәсібін бастап жатқандар да, тың идеямен іске кірісіп жатқандар да, қызмет көрсетуді қолға алып жатқандар да бар. Негізінен ауылдық жердің тіреуіші – шаруашылық. Сол арқылы біраз іс тындырамыз. Әкімшілік ғимаратында шаштараз жұмыс істейді. Маманның жалақысын «Мәді қажы» серіктестігі төлейді. Мектеп оқушылары мен зейнеткерлерге тегін. Ал орта жастағыларға ақылы. Олар төлейтін қаржы маманның өз қалтасына түседі. Бұл бір мысалы ғана. Қайырымдылық шараларына ел болып жұмылсақ, шаруашылық бір шетін көтеріп тұрады, – дейді ауыл әкімі Талғат Құламқадыров.

Шіркейліде жасалып, облысқа тарайды

Қайда жасалғаны айқын көрінетін бұл қапта кафель желімінен бастап, түрлі өнім бар. «Мәді қажы» серіктестігі егін егумен қатар құрылыс заттарын шығарумен де айналысады. Бұл қосымша істі үш жылдан бері қолға алған. Қазірде мұнда жиырма адам тұрақты жұмыс істейді.

– Қазір бізде сылақтың бірнеше түрі бар. Құйылмалы еден, жаңбырлы сылақ, кафель желімі, әмбебап сылақ, сонан соң эмульсияның түр-түрі шығарылады. Халыққа қолжетімді бағада сатып жатырмыз. Қалай болғанда да, облыс орталығынан тасығаннан әлдеқайда арзан түседі. Елге қызмет еткен соң бірінші кезекте сапаға мән беріледі. Бір күнде кем дегенде 500, ең көп дегенде 1500 қапқа дейін сатамыз. Көрші ауылдардан да келіп алатындар бар. Сонан соң қаладағы базарға да өткіземіз. Қазір өнімді шалғайдағы ауылда шығарсаңыз да, табыстан құр қалмайсыз. Бастысы, бәсекелестікке төтеп беру, – дейді өндіріс басшысы Нұрсұлтан Сайлаубек.

Мұнда құрылыс жүріп жатыр. Үлкен екі нысанды іске қоспақшы. Біріншісі, пескоблок шығаратын цех болса, екіншісі, құрылысқа арналған қара қағаз шығарады. Өнім өндіретін аппараттар дайын, тек ғимараттың толық бітуін күтіп отыр екен. Ауыл халқының еңбекқорлығы мен табандылығы арқасында әлі талай жұмыс атқаруға болатынын келушілер қатары көптігінен де байқадық.

– Көктем шыға баспанамызды жөндеуден өткізуге қамданамыз ғой. Өткен жылы қажеттінің көпшілігін осы жерден алғанмын. Биыл да келіп тұрмын. Бағасы – арзан, сапасы – жоғары. Өзіміздің ауылдан шығып жатқан соң кеудемізді мақтаныш кернейді. Жігіттердің еңбегі ерен, – дейді ауыл тұрғыны Нұржамал Әбдіреева.

Ал Асанәлі Сейдалиев серіктестіктің ауыл халқына жеңілдіктерінің де жеткілікті екенін айтты.

– Мәселен, шаруашылықта жұмыс істесеңіз, төмен бағада әрі айлық жалақы есебінен ала аласыз. Елге жасалып жатқан жағдай мен үлкен көмектің бірі дер едім. Тұрғындардың басым көпшілігі шаруашылықта істейді, сол себепті жалпы халыққа тиімді. Қытайдың затын алып тұтынғаннан өзіміздің жігіттердің өнімін алған әлдеқайда артық, – дейді ол.

Ауыл халқының әл-ауқатын осыдан-ақ байқап көріңіз. Өнімдері сұранысқа ие шаруашылықтың алға қойған мақсаты да айқын.

Алақандай ауылдан шығып, аймаққа тарайтын өнімдердің тағы бірі – түрік айраны. Алда-жалда облыс орталығындағы асханалар желісіне барсаңыз, кішкене құтыдағы түрік айранын көзіңіз шалары анық. Ол – шіркейлілік кәсіпкер Ақәділ Нұрмахановтың еңбегінің жемісі. Ауылдағы ағайыннан сүт қабылдап, оны осылай айранға айналдырады. Кәсіпкер ерекше сусынды шығаратын цехтың филиалын облыс орталығынан да ашып үлгерді. Бір күнде 1 тонна сүтті еш қиындықсыз өңдей алады.

– Бизнес – тек қалтаға ақша салу ғана емес, ол жұрттың проблемасын шешу. Менің ұғымымда солай. Бала кезден ауылда сиыр ұстайтын жандар сүтті арзанға өткізетін. Алушы жоқ әрі жол шығынын сылтау еткендер арзанға алып, қалаға қымбатқа өткізетін. Осыны көріп өстік. Ауылдағы шаруалардың еңбегі ақталмайтын. Есейе келе, бұл мәселенің шешімі өнім өндіру екенін түсініп, түрік технологиясы бойынша айран шығара бастадым, – дейді А.Нұрмаханов.

Ақәділ кәсіп ашқалы сүтті қабылдау бағасын көтеріп, халықтың батасын алды. Қазір Шіркейлідегі пункт сүттің әр литріне 130 теңге береді. Күз түсе баға тағы да көтеріліп, 150 теңгеге жетеді. Мекеме қызметкерлері кәсіпкердің басты мақсаты өз қалтасын қалыңдату емес, біріншіден, жұртқа жұмыс беру болса, екіншіден, елдің табиғи таза өнім тұтынуына септесу екенін алға тартады.

Осыдан төрт жылдай бұрын кәсіп бастарда ол 10 млн теңге несие алды. Бұл қаражатқа Түркиядан арнайы аппарат алып, жұмысын бастап кетті. Бүгінде қарамағында бес адам жұмыс істейді. Соның бірі – Нағима Жүзбенбетова.

– Тамақ өнеркәсібінде тазалық басты орында тұру керек. Сосын технология. Уақыттан жаңылыспай, әрбір процесті дер кезінде орындаған ләзім. Барлық технология талаптарын ескере отырып, дайындаймыз. Бір қайнауы кем болса, дүкеннен қайта келер өнім де молаяды. Бұл біздің, яғни мекеменің қалтасын қағады, – дейді ол.

Шіркейліде өріс алған тың идеялар көп. Ауыл әкімі Т.Құламқадыровтің айтуынша, мемлекеттік бағдарламалар халықтың қолтығынан демеп тұр.

– Осы күні ауылда 97 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның 85-і тұрақты жұмыс істейді. Елдің тұрмысын жақсартып, қолын аузына жеткізуді мақсат еткен мемлекеттік бағдарламалардың да орындалу қарқыны жоғары. Ерінбей еңбек етіп, тіленбей тойып отырмыз. Кәсіпкерлердің қатарына жаңадан қосылып жатқан азаматтар да бар. Ауылдық жер болған соң көпшілігі мал шаруашылығына бейім. Сондықтан аталған шаруа елде жақсы көрсеткішке ие. «Елде болса, ерінге тиеді» деп, ауылдағы шаруашылықтың да септігі тиіп жатыр. Жем-шөптен, анау айтқандай, мәселе байқалмайды. Одан бөлек, тігін тігу, ағаш отырғызу, құрылыс заттары, визажист, шаштараз, кондитер цехы, құс шаруашылығы тәрізді жобалар да қолдау тапты. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы төрт кәсіпкер мал басын көбейту мақсатында 10 млн теңге несие алды. «Қызылорда өңірлік инвестициялар орталығы» арқылы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында үш жоба ұсынылып, 7,5 млн теңге қаржы алынды. Мұндай жетістіктер жетіп артылады. Кәсіпкерлікке мән беру арқылы ұтатынымыз көп. Сондықтан, жерлесіміздің біреуі несие алса, бәріміз қуанатын болдық, – дейді ауыл әкімі.

Осыдан он шақты жыл бұрын ыдыстарын арқалап автобусқа артынып-тартынып мінетін тұрғындарды жиі байқайтынбыз. Қазір олардың бірі де көрінбейді. Өйткені, Ақәділ ауылдан сүт қабылдау пунктін ашқалы бері шикізат осында жиналады. Ал қаладағы филиалға арнайы көлік әкетіп тұрады. Мұның бәрін бір жүйеге қойған кәсіпкер болашақта талай жобаларды қолға алатынын айтқан. Ауыл әкімі де мұндай игі қадамдарды қолдайтынын жеткізді.

– Түрік айранының шыға бастауы халықтың қуанышын еселеді. Тұрғындар сүтті арқаланып қалаға тасымайтын болды. Ауылдан қанша литр сүт шықса, сонша литрді қабылдап, ақысын лайықты ұсынып жатыр. Көзқарасы қалыптасып, кәсібін ел дамуына бағыттаған Ақәділ Нұрмахановтың ісі – көпке үлгі. Ел экономикасының дамуына тамшыдай болса да үлесін қосуға даяр осындай жандар жетерлік, – деді ауыл әкімі.

Жұмабектің жұмысы

Ауылы аралас, қойы қоралас жатқан қатардағы бірнеше ауылдағы Жұмабекті жақсы таниды. Тынбайтын еңбекқор. Бір қарасаң, жұмысымен қалада жүреді, енді бір қарасаң, ауылдағы желімдеу орталығында халыққа қызмет көрсетіп отырады. Орталық аялдаманың артындағы бұл ғимарат бұрын қолданыста емес-тін. Жұпыны күйінде сатып алып, анау-мынау қажеттелігін жасады. Әйтеуір, жобаға келтіріп, ел сұранысына сай нысан қылды.

– Мемлекеттік бағдарламалар жақсы болды. Әдепкіде бірнеше жыл қатарынан қайтарымсыз грант жеңіп алдым. Алдыңғысына құрал-жабдық сатып алсам, кейінгісіне ғимаратты жобаға келтірдім. Әйтеуір, қарап жатпай жұмысты бастадық. Жұмыс көктемде қызады, дегенмен, жыл бойы тоқтаған емес. Осы кезде шаруашылық науқанға кірісе бастағанда қыстай тұрған көліктердің доңғалақтарын реттеймін. Көктемнен күзге дейін доңғалақ жамататындар жетеді. Қыста көлік жөндеумен айналысамын. Қозғалтқышының ақауын тауып, кейбірін жаңадан жинап шығамын. Ауызды берген Құдай несібесіз қалдырмайды. Ғимаратты да көріп тұрсыздар, қыста жылы, жазда салқын. Нағыз жұмыс істейтіндерге арналған, – дейді кәсіпкер Жұмабек Көпбергенов.

«Тәса» деп атайтын арнайы құрылғыны білерсіз. Кей құралдарды қысып, бұрап қоюға арналған. Қазір оны ауласында ұстайтындар ілуде біреу. Кейбірі тіпті таппай жүр. Ал Жұмекең жердің астындағыны тауып алады. Біз барғанда талай жыл қолданылмаған екі құралды майлап, бабын жасап отыр екен.

– Қазір базарда мыналардың кішкентайы – он мың теңге. Ал үлкені отыз-қырық мың тұрады. Біреуге керек болмаған шығар, темір ғып өткізіп жіберіпті. Екеуін бас-аяғы он мың теңгеге алдым. Ауылда қызметіңнің құнын аспандата алмайсың. Ел үшін еткен еңбектің бір қайыры болады деп, арзандатып істейсің. Сондықтан қымбат құралдарға қол жете бермейді. Ал мынау тамаша боп кетті, – дейді жерден жеті қоян тапқандай жүзі жайнап.

Жұмабекке жұрт риза. Қажыдым, шаршадым демейді. Түннің бір уағында үйінен оятып барып, дөңгелегін жамататындар қаншама. Жолда қалғанға ләм-мим демей, жұмысын істеп, көмегін беріп жатады. Міне, кәсіпкермін дегенді елге қызмет көрсетемін деп атайтын қарапайым ауыл адамының болмысы осындай.

Тәтті тоқаш

Алтынай Әлмаханқызы – ауылға белгілі кәсіпкер. Бірнеше жылдан бері шағын дүкенімен халыққа қызмет көрсетіп келеді. Дүкен жанынан кондитерлік цех ашты. Бүгінде екі адамды жұмыспен қамтып отырған нысан.

– Осыдан үш жыл бұрын «Қызылорда өңірлік инвестициялар орталығы» арқылы 2 млн теңге несие алдым. Соған құрал-жабдықтарымды алып жұмыс бастағанмын. Нан өнімдері, соның ішінде самса, бәліш, тоқаштың түр-түрін дайындаймыз. Халыққа қолайлы бағада сатамыз. Дүкенге қойылады әрі тапсырыс та қабылдаймыз, – дейді Алтынай Әлмаханқызы.

Кәсіпкер болашақта кәсібін кеңейтуді жоспарлаған. Кондитер цехының ауқымын арттырмақшы. Десе де, бұған дейінгі алынған несиесін жауып, тағы да мемлекеттік бағдарламаның игілігін көргісі келеді.

Ауылдағы студия

Бексұлтан Сайлаубековтің арманы – үлкен студия ашу. Теңіздің тамшыдан құралатыны тәрізді арман-мақсаттан, мақсат жоспардан тұрады. Өткен жылы жалынды жас өз арманына алғашқы қадамын бастады. Мемлекеттік бағдарламамен жастарды қолдау бағыты бойынша 505 мың теңге қайтарымсыз грантқа қол жеткізді.

– Бұл қаржыға «BS Studia» атты фото-видео студияны аштым. Қазір бізде елге қажетті қызмет көрсететін бірнеше құрал бар. Кез келген бағытта фотоға түсіреміз, көне суреттерді жаңартамыз. Фотоаппарат пен камераға тойыңызды түсіріп, қуанышыңызды бөлісеміз. Ыдыс-аяқтарға сурет жабыстырамыз. Ең тамашасы, бізде Қызылордада жоқ жоба бар. Ол – шамға сурет жапсыру. Күндіз кәдімгі айна болып тұрады, түнде жарық түсіретін шамға айналады. Бұған тапсырыс көп. Өкінішке орай қазір шекара жабылған соң шикізатты ала алмай отырмыз, – дейді ынталы жас.

Қазірдің өзінде жұрттың той-қуанышына арналған альбомдар мен видеолар әзірлеп жүрген жастар болашақта тойға арналған безендіруді қолға алмақ. Шіркейлі ауылымен қатар, Бесарық, Қоғалыкөл, Н.Ілиясов және Шаған ауылдарына қызметтер ұсынып жүр.

Берік бастаған бизнес

Берік Еңсебаев – кәсіпкер. Алғашында жылқы малын бордақылап бастаған ол бертін келе тауық асырап, құс шаруашылығына да мойын бұрды. Бүгінде жергілікті халықты жұмыртқамен, құс етімен қамтамасыз етіп келеді. Оған қоса, қала дүкендеріне де өнімін сатып келеді.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасының шеңберінде құс шаруашылығымен айналысуға екі млн теңге несиеге үш жүздей тауық алдым. Тауықты содан бері асырап келемін. Жұмыртқасын жұмыртқадай, етін еттей өткіземін. Көбейтіп те жатырмын, – дейді Б.Еңсебаев.

Қорасына бес-алты бас жылқы алып, бордақымен де айналысатын кәсіпкер болашақта осы істі кеңейтпекші. Құс шаруашылығы бағытында ферма ашуды да жоспарлап отыр.

Ауыл әкімі Талғат Ізтайұлы халықтың біраузыдан құрбандық шалып жатқанын айтты. Ол жерге тек қасапшы мен екі көмекші барып, етін тұрмысы төмен отбасыларға таратпақшы екен. Екінші дүниежүзілік соғыста батырлығымен көзге түскен Ж.Нұрсейітовтің, Социалистік Еңбек ері Б.Мұстафаеваның, қаламгерлер Қ.Мұхамеджанов пен Ә.Жәмішевтің кіндік қаны тамған ауыл шуағын төгіп тұр. Қоғам және мемлекет қайраткері Жаңабай Азаматовты топқа қосқан туған жері. Елді біріктіріп, төрт колхоздан бір ауыл шығарған Азаматовтың азаматтығын ауыл әлі күнге жыр қылып айтады. Орталық алаңға есімін беріп, ескерткіш тақтасын да орнатқан.

Дәліз жолдың бойында бір ауыл жатыр. Халқының саны үш мыңға жетпесе де, тірлігі түзеліп, жолы арнаға түскен ауыл. Қайнаған тірліктің ортасында тіршілік тайқазанын оттан түсірмеген мекен. Бұл – Шіркейлі ауылы.

Сырдария ауданы.
Суреттер автордыкі.



Облыста соңғы 5 жылда барлығы 120-дан астам әлеуметтік нысанның құрылысы салыныпты. Бұл – тұрғын үйлерден бөлек көрсеткіш. Олардың қатарында білім саласы бойынша 60, денсаулық сақтау саласы бойынша 20 нысан бар. Бұған мәдениет пен спортты қоссаңыз, онда 28 ғимарат бой көтерген. Мемлекеттік органға қарасты 13 жаңа құрылыс тұрғызылып, арнайы мемлекеттік «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 5 нысан пайдалануға берілген.

Sb Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы».

ҚҰРЫЛЫСТА ІРКІЛІС БОЛМАЙДЫ

дегенде, сақтық қатаң бақылауда

Биыл да аймақ бойынша мемлекеттік бюджет есебінен 24 әлеуметтік нысанның құрылысы жүріп жатыр. Оның ішінде жыл соңына дейін 11 ғимаратты пайдалануға беру жоспарланған. Бұның ішінде қаладағы теннис орталығы, темір жол тұйығының құрылысы, оқу-жаттығу полигоны, Жалағаштағы М.Шәменов атындағы 140 орындық мектеп, АралСода зауытына инфрақұрылым тарту, Айдарлы ауылындағы ескі емхананы балабақша етіп қайта жасақталады. Сондай-ақ, Қазалы және қаладағы сол жақ жағалаудан әкімшілік ғимараттарының құрылысы, Қармақшы, Шиелі аудандық және қалалық ішкі істер бөлімінің әкімшілік ғимаратының (уақытша ұстау бөлмелері үшін жапсаржай орналастыру үшін реконструкциялау) жұмыстары биыл бітеді. Қалған 13 құрылыс нысаны 2021 жылға өтпелі болып отыр.

Тұрғын үй тұрғызу тоқтамайды

Бізде құрылыс саласында өзге облыстарға қарағанда алға ілгерілеудің нақты көрінісі бар. Ол – тұрғын үй салудағы көрсеткіштің артуы. Мемлекеттік қолдаудың арқасында аймақта баспана құрылысы жылдан-жылға өсіп отыр.

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының мәліметіне сүйенсек, соңғы 5 жылда тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіші екі есеге артып, атап айтқанда, 2015 жылы 465,7 мың шаршы метрден берілсе, былтыр бұл цифр 761,4 мың шаршы метрге артқан. Облыс орталығы – Қызылордада 14 шағын аудан бой көтерді. 8 мыңнан астам қызылордалық баспаналы болып, 3 млн шаршы метр тұрғын үй құрылысы жүргізілді.

– Өткен жылдың өзінде «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 49 көпқабатты тұрғын үй, барлығы 2092 пәтердің құрылысы аяқталды. Нәтижесінде 40 көпқабатты үй, 1738 пәтер пайдалануға берілді. Сонымен қатар, бағдарлама аясында соңғы 5 жыл ішінде облыс бойынша жаңа тұрғын үй аумақтарына 2580 шақырым инженерлік желілер тартылған. Одан бөлек, 28 мыңнан астам жеке тұрғын үй учаскесі инженерлік желілермен қамтамасыз етілді. Тағы қуанып айтар бір жаңалық, соңғы жылдары үйлері апатты деп танылып, кезекте тұрған 513 азаматтың барлығы жаңа тұрғын үймен қамтылды, – дейді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының бөлім басшысы Батырбек Шаханов.

Батырбек Шахановтың айтуынша, облыста халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету басты мақсат болып отыр. Ал олардың кезекке тіркелгендерінің саны бүгінгі күнге 13 мыңнан асты.

Биыл да облыс көлемінде барлық қаржыландыру көздерінен ауданы 64,4 мың шаршы метрді құрайтын 961 пәтерлі 24 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Бұл үй құрылыстары қай жерде десек, Сырдария өзенінің сол жағалауында 680 пәтерлі 14 үй, Шиелі ауданы Шиелі кентінде 90 пәтерлі 5 үй. Айтпақшы, Шиелідегі осы 90 отбасыға арналған үйдің төртеуі 2021 жылға өтпелі құрылыс. Сонымен қатар, биыл қосымша аз қамтылған көпбалалы отбасыларға арналған 287 пәтер сатып алу межеленсе, ҚР Ұлттық қорынан несиелік 625 пәтердің құрылысын жүргізу жоспарлануда.

Жалпы жыл соңына дейін барлығы 816 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру және бағдарлама аясында 190 шақырым инженерлік желілер жүргізілмек. Басқарма берген мәлімет осындай.

Айта кету керек, індет таралғалы елде көп тіршілікке іркіліс туды. Әсіресе, бұл маусымдық кезеңде қарқынды жұмыс істейтін құрылыс саласына да әсерін тигізбей қоймасы анық. Басқармадағы әкімшілік және құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы Батырбек Шаханов аймақта құрылыс жұмыстарының тоқтамайтынын айтады.

– Бәріңізге белгілі, Мемлекет басшысы наурыз айының 31-дегі мәлімдемесінде осыған қатысты нақты жобалар жасауға тапсырма берді. Енді жұмыс берушілермен бірлесе «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша өңірлерде жұмыссыздықтың алдын алуда бірқатар шаралар жасалып жатыр. Құрылыс нысандарындағы жұмыс тоқтамайды. Бірақ, күшейтілген режимде, індетке қатысты сақтандыру жұмыстары арқылы жүзеге асады. Өйткені, бұл жұмыссыздықты болдырмау мақсатында іске асырылып отыр, – деді ол.

Сол жағалаудың сәнін келтірген...

2016 жылы облыс әкімдігі Үкімет қаулысымен бекітілген Қызылорда қаласының Бас жоспарындағы жобаларды жүзеге асыру мақсатында Сырдария өзенінің сол жағалауын кешенді түрде игеруді бастау жөнінде шешім қабылданды. Осыған орай, 2017 жылы бекітілген Бас жоспарға сәйкес, дарияның сол жағалауындағы аумақта жаңа қаланың құрылысы басталды.

Сол жағалаудағы жаңа қаланың аумағы 1532 гектар. Оның ішінде 367 гектар жер телімі рекреациялық аймақтарға, 537 гектар тұрғын үй тұрғызуға, 190 гектар сауда орындары мен офистік ғимараттарға, 270 гектар әлеуметтік инфрақұрылымға арналған.

Жаңа қалада 3 млн шаршы метрден астам тұрғын үй құрылысы, оның ішінде 1 млн шаршы метр тұрғын үйді 2025 жылға дейін пайдалануға беру жоспарланған. Соның нәтижесінде 50 мыңға жуық адам жаңа пәтерлермен қамтамасыз етіледі. Егер жоба толық іске асса, 155 мыңнан астам адам үйжайлы болмақ. Мұнда жоба бойынша 16 жаңа мектеп, 12 балабақша, 4 денсаулық сақтау мекемесі, сондай-ақ спорттық және әлеуметтік-мәдени ғимараттар салу көзделген.

Қалалық магистральдық жолдар торабының жүктемесін азайту мақсатында 2016 жылы өзен үстіне көпір салынды. Көпір қаланың ескі бөлігін сол жағалаудағы жаңа аудандармен байланыстырып тұр.

2017 жылы жаңа қала аумағын инженерлік инфрақұрылым – газ, электр, жылу, сумен жабдықтау, кәріз және көше-жол желісімен қамтамасыз етудің I кезеңіндегі жұмыстар қолға алынып, құрылысы 2018 жылдың екінші жарты жылдығында толықтай аяқталған еді.

Бүгінде мұнда «Болашақ» университетінің бас корпусы, Жастар орталығы, Қазақ Орталық атқару комитетінің мұражайы, 320 орындық балабақша, 700 орындық жеке мектеп, 2234 пәтерді құрайтын 48 көпқабатты тұрғын үй бой көтеріп, бас шаһардың көркіне көрік қосып тұр.

Енді алда 100 келушіге арналған емханасы бар 300 төсектік көпсалалы аурухана (қосымша онкология бөлімі бар), Отбасылық медициналық орталық, 300 орындық жатақханасы бар физика-математика мектеп-интернаты, Салтанат сарайы, көгалды хоккей алаңы, облыстық қазақ музыкалық-драма театры, Қан орталығы, әкімшілік ғимараттар, жанар-жағармай құю станциясы мен басқа нысандардың құрылыстары жүргізілмек. Қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартып, аймақ экономикасының түрлі салаларын дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға көптеп септігін тигізген сол жағалаудағы жұмыстар әлі де жанданатыны анық.

Қарқын үдемесе, кемімейді

Сырдария ауданында соңғы жылдары жеке тұрғын үй секторында 337 жер учаскесі инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Бұл тұрғындарды өз баспанасын салуға ынталандыруда. Мысалы, былтырғы жылдың қорытындысы бойынша ауданда халықтың өз есебінен салынған тұрғын үй көлемі 3%-ке өсіп отыр.

2018 жылы Тереңөзек кентінде салынған 42 пәтерлі тұрғын үй ауданның баспана кезегінде тұрған отбасыларға пайдалануға берілген еді. Ал, биыл құны 909,5 млн теңге 4 тұрғын үйдің құрылысы республикалық бюджеттен қаржыландыруға ұсынылды. Осы жоба іске асса, кент бойынша үй кезегінде тұрған 475 отбасының 78-і баспаналы болады.

– Көпбалалы ретінде кезекпен былтыр алдық. Баспаналы болу – үлкен қуаныш. Мемлекеттің қолдауы, жергілікті биліктің көмегі деп түсінемін мұны. Мұндай көппәтерлі үйлерді тұрғызып, жеңілдетілген несиемен халыққа берсе, тиімді болар еді. Жарық, ыстық, суық су – барлығы тартылған. Бұйырса, жақын арада Тереңөзекке газ келіп, өз үйіміз де соған қосылатынына сенімдімін, – дейді сырдариялық Шынар Бекетаева.

Қазалыда да құрылыс қарқынды. Былтыр аудан көлемінде 13 нысан құрылысын жүргізуге бюджеттен 4397,3 млн теңге қаржы бөлініп, тиісті құрылыс-монтаж жұмыстары атқарылды. Оның ішінде аудандық әкімшілік ғимараты, Әйтеке би кенті, Қазалы қаласынан салынатын үйлердің инфрақұрылымы, 2 ауылдық округтен типтік жобадағы мал қорымдары, аудан орталығынан салынатын 18 пәтерлік 6 жалдамалы көпқабатты тұрғын үй, кенттегі 600 орындық мәдениет үйі, Ақсуат ауылындағы 90 орындық балабақша құрылысы бар.

Қазалы қаласындағы тұрғын үйлерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, 18 пәтерлік 5 жалдамалы көпқабатты тұрғын үй құрылысы, мәдениет үйінің құрылысы, Ақсуаттағы балабақша құрылысы биыл жалғасын табатын болады.

Жоғарыда айтып кеткен өтпелі құрылыстардан бөлек, мұнда 250 адамға арналған жаңа емхана, әкімшілік ғимараттары, сумен жабдықтаудың сыртқы желілері, канализация, телефонизация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау құрылыстары бар. Сондай-ақ, аудан тарапынан әлеуметтік осал топтағы көп балалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында бастапқы нарықтан, 60 шаршы метрден кем болмайтын 3 бөлмелі 40 пәтер сатып алуға қаржы сұратылуда екен. Қаржы берілсе, әлеуметтік осал топтағы көпбалалы, отбасылар баспаналы болып, тұрмыс деңгейі жақсаратыны анық.

Жалағашта да әкімшілік ғимаратының өтпелі құрылысы жүргізілуде. Бұл нысан қыркүйек айында бітпекші. 2015 жылы кенттің «Дәуімбай» учаскесінде жүргізілген инженерлік-инфрақұрылымға бір пәтерлі үш бөлмелі 30 жалдамалы тұрғын үй құрылысын орналастыру мақсатында жоба-сметалық құжаттар дайындалып, сараптамадан өткізілген еді. Оны қаржыландыру үшін ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне құжаттары ұсынылған.

Ауданда ауыз су жүйесін қайта жаңғырту, мал қорымдарының құрылысы басталмақ. Сондай-ақ, 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебінің құрылысына жоба-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамадан өткізілді. Оны қаржыландыруға тиісті басқармаға бюджеттік өтінім де тапсырылды. М.Шәменов атындағы елді мекендегі 140 орындық №34 мектептің құрылысы биыл жалғасатынын біз мақала басында айтқанбыз. Маусым айында бітеді деген үміт бар. Жалағаш кентіндегі 100 төсектік орталық аурухана ғимараты құрылысы да жүріп жатыр.

Теңіз төскейінде жатқан шеткі ауданда да тынымсыз тіршілік бар. Арал аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі берген мәліметте «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жеке тұрғын үй құрылысы үшін белгіленген аудандарды инженерлік инфрақұрылыммен қамту мақсатында бірқатар жұмыс атқарылып жатыр. Арал қаласындағы №1 мөлтек ауданын ауыз сумен қамту жұмыстарына биыл бюджеттен қаржы бөлінді. Мердігері анықталып, келісім-шарт жасалды. Жоспар бойынша құрылыстың қаржысы мамыр айына орналастырылған болатын. Құрылыс жұмыстары сол айда басталмақ. Ауданда елді мекендерде ішкі су желісін кеңейту, Қаратерең, Жаңақұрылыс, Қызылжар, Райым, Бөген ауылдарында биотермиялық шұңқыр құрылысы жүргізілмек. Бұл жұмыстар да мамыр айында басталады деп күтілуде. Шижаға елді мекенінен дәрігерлік амбулатория құрылысын салу жоспарланған еді. Қазіргі таңда дәрігерлік амбулаторияның құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Айтпақшы, ауданда барлығы 1,9 млрд теңгені құрайтын 9 жоба іске асырылуда. Соның ішінде Арал қаласынан қатты тұрмыстық қалдықтарына арналған полигон, 250 орындық оқушылар үйі, Сексеуіл кентінде 40 төсектік аурухана құрылысы бар.

Ал Жаңақорған ауданында былтыр «Саяжай» учаскесіндегі тұрғын үйлердің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы салынып, электрмен және жылумен жабдықтау құрылыс жұмыстары аяқталды. Сунақата, Қаратөбе ауылдық округіндегі мал қорымы пайдалануға берілді.

Кент орталығындағы Б.Байкенжеев көшесінен салынатын 600 орындық №169 мектепті салуға республикалық бюджеттен бөлінген 500 млн теңге қаржыға құрылыс жұмыстары басталған еді. Оқу орнын биыл пайдалануға беру жоспарланған.

Жаңақорғандағы 18 пәтерлі екі көпқабатты тұрғын үйдің құрылысының құжаттарын әзірлеуге, мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы, жобалаушы мердігер «Ремстройпроект» ЖШС-мен 4060,641 мың теңге қаржыға келісім жасалып, жобалау жұмыстары жүргізілуде. Бұған қосымша екі пәтерлі 3 бөлмелі 10 тұрғын үй құрылысының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге дәл осы «Ремстройпроект» ЖШС арасында 7009,537 мың теңге қаржыға келісім-шарт жасалған.

Шиелі кентіндегі «Шұғыла-2», «Шұғыла-3» және «Шығыс-4» шағын аудандарының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту, тас жолдардың құрылысына үлкен сомада қаржы қаралып, құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Нысанды ағымдағы жылы пайдалануға беру үшін облыстық бюджеттен қосымша қаржы керек сияқты.

Мұндағы үш қабатты 18 пәтерлі тұрғын үй құрылысын аяқтап, нысанды халық игілігіне пайдалануға беру басты назарда болып отыр. Қосымша Тартоғай мен Сұлутөбе елді мекенін сумен қамту жүйелерінің және бас су қоймасының құрылысын толығымен аяқтап, халыққа таза ауыз су беру жұмысы да іске аспақ. Кенттегі қалған 18 пәтерлік 4 тұрғын үй құрылысына республикалық және облыстық бюджеттерден қаржы бөлуге жұмыс жасап, құрылыс-монтаждау жұмыстары жалғаса беретін болады.

Қармақшыда көптеген мектептер, мысалы, №№27, 28, 29, 105, Төретам кентіндегі №85 білім ошақтары жылумен қайта жабдықталып, пайдалануға берілген. Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлі 5 тұрғын үй құрылысы аяқталды. Биыл Ақтөбе елді мекенінде жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасын салу үшін сыртқы инженерлік инфрақұрылым, электр және сумен жабдықтау желілері тартылмақ.

Былтыр «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында аудандық К.Рүстембеков атындағы Жыраулар үйі шатырына жасалған күрделі жөндеу жұмыстары бітсе, балаларға арналған лагерьдің құрылысы әлі жалғасады. Бұдан өзге Жосалы кентінде газ құбырын тарту желілерін салу жұмыстары да басталған.

ЖЕҢІС – 75

Иә-ә деңіз. Өмір дерегі бір дастанға лайық адамдар болады. Қалайша дейсіз бе? Е-е, құлақ тосып, мүқият тыңдаңыз ендеше... Соның қатарына Қасым Құлманов ағамызды қоссақ, тіпті жарасар еді. Он үш жасқа толар-толмаста әке-шешеден айырылады. Әпкесі екеуі «Қамыстыбас» стансасындағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Орталау мектептен соң «Аралбалықтресі» жанындағы оқу комбинатында алты айлық курстан өтіп, балық өңдеу мамандығын алғасын балық қабылдау қызметіне кіріседі.

ҚОРШАУДЫ БҰЗҒАН ҚҰЛМАНОВ

Хо-ш деңіз. Бұл 1935 жыл еді. Сонда Қасым мырзаңыз он алты жасқа толған-ды. Құдай-ау, пысықай қара домалақ баланың бармаған жері жоқ. Ауан, Бөген, Қаратерең, Қарашалаң және басқа флоттардың бірінен-біріне ауысып, арааралсында жиырма аттық қуаты бар матафлюгаға балық қабылдайтын марқас қайығын тіркеп, теңіздің қолтық-қойнауын шарлапты-ай!

Әне, солай... Жер-жерді аралап, шапқылып жүргенде заулап жиырма жасқа жеткенін де білмей қалыпты-ау!.. 1939 жылдың күзінде Отан алдындағы борышын өтеуге әскери комиссариаттан шақыру алады. Не тұрыс болсын, қызыл вагонға топырлап мініп батысқа қарай жөнеп береді ғой...

Со-нау жер түбіндегі Арал теңізінде жайбарақат жүзіп, жетімдіктің азабынан енді-енді арылдым ба деп, күлімдеген оны күтіп тұрғандай-ақ, 1939 жылдың қараша айының 30-да кеңес-фин соғысы бұрқ етті. Осыдан бір күн бұрын 29 қарашада В.Молотов радио арқылы сөз сөйлеген-ді. Ақыры осылай болды.

Расында, КСРО Финляндияны өзіне қосып алып, Социалистік елге айналдырып, Ленинградтың ту сыртынан төнетін қауіпсіздікті сақтау мақсатын көздеген-ді. Финдердің бірінші және екінші қорғаныс шебін зеңбірекпен соғып, қиқалап қиратып, шекараға 12 шақырымдай сұғына кіргенде финдердің бітім сұраған хабары келеді. Әйтсе де, бұл соғыс мыңдаған боздақты құрбандыққа шалып өте шықты.

Әттең де, әттең, әттеңай!.. Қасым Құлманов қатарқұрбыларымен әскери жаттығулардың түр-түрінен өтіп, кіші сержант шенін алып, ертең бір күн елге қайтамыз деп сағыныш жүрегі лүп-лүп соққан күннің ертеңіне, 1941 жылдың 22 маусымында столбыға бекітілген үлкен радио:

– Германия фашистері опасыздық жасап, тұтқиылдан шекараны басып кірді. Барлығы майдан үшін! – деп зарлады.

Бұл зұлымдыққа не шара?! Бәрі үнсіз. Ауыл да еңбек етіп, жақсы-жаманды көріп, одан соң Фин шайқасына қатысып, ақ қар жастанып, түн қатып, аз-кем бейнетті бастан кешкен Қасым Құлманов дүр сілкінді.

– Нартәуекел, – деді ол саңқ етіп, – Ер жігіттің басынан не өтпейді? Елді, жерді қорғау – қастерлі борышымыз, әйдә серпіліңдер!..

Жаудың сан жетпес бомбалаушы ұшақтары батыс шекараға шүйілді дейсің! Оларды әуе шабуылынан қорғану әскерлері зениткалардан оқ жаудырып қарсы алды. Полковник И.Удовиченко басқаратын №10 арнайы әуе шабуылынан қорғаныс бригадасына қарасты №133 зенит-пулемет батальоны да соғыстың алғашқы сағаттарында-ақ жаудың ұшақтары мен жаяу әскерлеріне қарсы қиян-кескі ұрыс жүргізді. Осы құрамда кіші сержант Қ.Құлманов та бар еді. Әрине, тұтқиылдан тиіскен жаудың жойқын күшіне төтеп беру мүмкін болмады. Әсіресе, Литваның Паневежский уезінің аумағындағы қырғында талай боздақтар оққа ұшты. Батальон ұрыс сала отырып кейін шегінді. Ал біздің кейіпкер қайда?! Әскери командованиеден «Кіші сержант Қасым Құлманов ұрыс даласында хабар-ошарсыз кетті деген» «қара қағаз» сол 1941-дің 23 шілдесінде «Сексеуіл» стансасына жетті. Ағайын-туыс у-шу! «Алла-ай, жетімек-ай, небәрі бір-ақ ай шайқасқаны ма?! Жаудан өшін алып та үлгермегені-ау!.. Алла байғұсай» деп ел болып жыласты.

Жо-жоқ, олай емес-ті. «Қара қағаздың» қанша жол жүргенін қайдам? Алапат, қиыршиыр шақ қой. Қателік те, ағаттық та жүдә көп-ті. Ал, Қасым жауынгер құдайға шүкір, есен-сау еді. Бір топ зенитчик-артиллеристер болып жау қоршауын бұзып, 1941-дің 2 шілдесінде Псков қаласы маңындағы 38-запастағы атқыштар полкіне келіп қосылған-ды. Оның Ленинград әскери сараптау пунктіне келгендігін растайтын 1147 санды тізімге алу карточкасы қолымызда.

Одан әрі не болды дейсіз-ау! Дұрыс, жүдә дұрыс... Әскери сауаты бар, бұл жауынгерден кіші командир шығады деген ұйғарыммен басшылары Қ.Құлмановты Ленинградтағы Артиллерия училищесіне оқуға жолдайды. Алайда, мұнда жау жақындап қалғандықтан, стратегиялық маңызы бар оқу орны Сібірге, Томскіге эвакуацияланады. Қ.Құлманов жеделдетілген алты айлық курсты Пуазо технигі, яғни артиллерия мен зенит арқылы атуды басқару құралының техникмаманы (прибор управление артиллерийским-зенитным огнем) ретінде бітіреді. 1942 жылдың қаңтар айында КПСС мүшелігіне қабылданады.

Жалпы 1942 жыл Ұлы Отан соғысының тарихында өте-мөте ауыр кезең болды. Немістер Ленинградты жермен жексен етпекші болып аласұрды. 1941-1944 жылдар аралығында құрсауға алды. Әсіресе, Мча қалашығы маңындағы ұрыстар 1,5 жылға созылды. Кіші командир Қ.Құлманов 285-атқыштар дивизиясының 1013-атқыштар полкінің сапында қиян-кескі шайқастарда жүрді. Осындағы ерлігі бағаланып, ол 1942 жылдың күзінде «Ерлігі үшін» медалін омырауына тақты. Қызыл армияның тынымсыз шабуылы нәтижесінде ғана 1943-тің қазан айында неміс-тердің қорғанысы сетінеп, олар Чуд көлінің шығысына қарай шегінуге мәжбүр болды. Біздің кейіпкеріміз жауды Ленинградтың іргесінен біржола қуатын «Новгород-Лужск» соғыс операциясына да қатысып, «Чуд-Любин» бағытында шабуылдаған 285-атқыштар дивизиясының сапында бақылаушы әрі наблюдатель ретінде көзге түсіп, «Ленинградты қорғағаны үшін» медаліне ие болды. Одан әрі Порохов қаласын жаудан босатуға, «Алхимово-Трегубово» мен Псковтың Великая өзеніндегі неміс бекіністерін жоюға да белсене араласады. 285-атқыштар дивизиясы 1945-тің 10 қаңтарынан атақты «Сандомир-Силезск» операциясында да даңқы шығып, ұрыс сала отырып, герман жеріне қарай жақындай береді. Жаны қысылған жау біздің танкілерге қарсы соңғы рет модификацияланған реактивті снарядпен атылатын қол қаруы – фаустпатрондар мен панцир патрондарды қолданып, қала мен елді мекендердің арасынан өтіп бара жатқан танкілерді әжептәуір шығынға ұшыратты. Дегенмен, пәрменді күш қойсын ба, Қызыл Армия олардың мықты деген қорғаныстарын быт-шыт етті. Осы ұрыстарда «Богдан Хмельницкий» орденді, номері 285 «Домбровск» атқыштар дивизиясының 1013-атқыштар полкінің, 1-атқыштар батальонінің парторгі кіші лейтенант Құлманов Қасым да аянбай шайқасып, Ерлік үлгісін көрсете білді. Бұған дәлел ретінде «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынылған марапаттау парағындағы жазбаларды келтірсек, артықтық етпес.

«...В бою 15-16 марта 1945 года по ликвидации оппельнской группировки противника и прорыва обороны в районе населенного пункта Кирхберг тов. Кульманов находясь в боевых порядках пехоты и руководя подразделением успешно отбил 8 контратак противника. Уничтожив при этом 8 гитлеровцев и троих захватил в плен. Во время этого ожесточенного боя тов.Кульманов был тяжело ранен и эвакуирован в госпиталь.

За проявленную отвагу и мужество в боях с немецкими фашистами тов. Кульманов достоин награждения ордена «Красная звезда».

Командир полка, подполковник (Алексеев).

9.06.1945 год.».

Осы ұсынысқа орай 285-«Богдан Хмельницкий» орденді атқыштар дивизиясының арнайы бұйрығы шығады. Сөйтіп Қасым ағамыз Жеңіс күнін Австрияның астанасы – Венада қарсы алады. Демек, ол Ұлы Отан соғысына Балтық жағалауында кіші сержант шенімен кірісіп, батальон парторгі болып, кіші лейтенант шенімен аяқтайды. Сөйтіп 1945 жылы, яғни алты жыл сыртта жүріп, онда да шылқыған қанды шайқастың алай-түлей от-жалынның ортасынан ауыр жарақатпен елге оралады.

Тіршілік ету керек. Сол 1945-тің желтоқсан айындаақ «Аралбалықтресі» комсомол ұйымының хатшылығына сайланады. Кадр бөлімін басқарады. 1949 жылы аупарткомның нұсқаушылығына шақырылып, одан әрі 1951-дің қазаны мен 1952-нің шілде айлары аралығында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы тоғыз айлық курсының тыңдаушысы болады. Оны тәмамдап келгесін ауатком төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Е-е, одан аупарткомның өндіріс-транспорт бөлімін басқарады. Қасекең Мәскеудің тамақ өнеркәсібі институтына сырттай оқуға түскен-ді. Сосын да болар 1954 жылдың желтоқсанында «Ұзынқайыр» балық зауытының директорлығына тағайындалады. Осында ол табан аудармастан сегіз жыл істейді. Аудандық балықшылыр тұтыну одағы мен аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатына басшылық еткен кезде де Қасым Құлмановтың абыройы асқақтай түсті. Қай салада олқылық болса, оны партия сонда жібереді. Әйтсе де, соғыста алған жарақат сыр беріп, алдына кесе-көлденең тұра берді. Асыл азамат небәрі елу үшінде, халыққа танымал болып дүрілдеген шақта 1972 жылы дүниеден озды.

Қасекең 28 жасында Манар Тайжанқызымен танысып, бір-бірін қалап тұрмыс құрған екен. Одан жеті ұл-қыз өрбіпті. Атасының жүзжылдық асында немересі Анар Қасымова арнау өлеңін оқыды.

Ашық болсын
ұл-қызының таңдары,
Белгілі ғой биіктерге
самғары.
Жүз жылдықта ұрпақтарың
қауышып,
Орындалсын Қасым ата
арманы! –

деп төгілтті.

Тәуелсіз еліміздің іргесін беките түсуге Қасым Құлманұлынан тараған 18 немере мен 26 шөбересінің де лайықты үлес қосарына бек сенімдіміз.

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ,
дербес зейнеткер.
Арал қаласы.

БАРЛАУШЫ ОФИЦЕР

Мәскеу қаласындағы мемлекеттік мұрағаттағы бұл кісінің ерлік жолы туралы құжаттарды оқып, ержүректігі мен батырлығына тәнті боласың. Ауыл баласының ұлы Отан соғысы кезінде аға лейтенант дәрежесінде болуы оңай шаруа емес-ті. Ендеше оның өмір жолын басынан бастайын.

Қиын-қыстау дүрбелеңге толы қысылтаяң шақта дүниеге келген Махметханның балалық шағы жіптіктей болды деп айта алмаймыз. Қиыншылықты жастайынан басынан өткізгендігі оның қанатының ерте қатайып, ерте есеюіне тура келді. Оқуға құштарлығы мол ол 1938 жылы Ақарық ауылындағы жетіжылдық мектепті бітіреді. Одан кейін сол жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық училищеге түсіп, бітіргеннен кейін 1942 жылдың тамыз айында он тоғыз жасында соғысқа аттанады. Сауатты жігітті барлаушылар курсынан өткізіп, кіші лейтенант шенін береді. Содан кейінгі 1942 жылдан 1945 жылдың жеңіс күніне дейінгі барлық өмір жолы соғыстың от-жалын шарпыған бел ортасында өтеді. Төрт рет ауыр жарақат алып госпитальға түседі. Жазылып шығып, соғысқа қайтадан қатысады.

Қолдағы құжаттарда Ұлы Отан соғысы кезіндегі Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрықтары мен шешімдері көрсетілген. Кіші лейтенант, жауынгер барлаушы Махметхан Әбішевтің кеудесін оққа тосып, жаудың жойқын сұрапыл соғысына беріспей қарсы тұрып, өліммен бетпе-бет келгені баяндалған. Отан үшін от кешіп, батылдық пен тапқырлықтың үлгісін қан майданда талай рет көрсеткен. Нағыз батырға тән ерлік жасап көзге түскендігін, командирлердің үнемі алғысын алып, абыройға бөленгендігін, Отанын қорғаудағы ерлігі мемлекет тарапынан үнемі бағасын алғанын көреміз.

Ол Белоруссияны, Латвия мен Литваны, Украинаны, Польшаны азат етуге, Берлинді алуға қатысып, өзінің әскери борышын адал атқарған майдангер болды. Оның ерлік жолын жіктеп айтатын болсақ, 1943 жылдың шілде айында Белоруссияның орталығы – Минскіні азат етуге қатысады. Осы жылдың қыркүйек айында советтік Украинаны гитлершіл басқыншылардан азат ету үшін төрт майданның әскерлері оның ішінде Днепрді кешіп өтіп, дегендеріне жеткен кезде сол майдангерлердің арасында Махметхан ағамыз да болғанды. 1944 жылы Польшаның орталығы – Варшаваны жау қолынан құтқаруға қатысып, ерлік ісі үшін кеудесіне «За освобождение Варшавы» медалі тағылады.

1945 жылдың мамыр айында болған Берлинді алу жолындағы қанды соғыстың жеңіспен аяқталуына қатысқан Махметхан 1946 жылы кеудесінде «Красная звезда», «Отечественная война второй степени» ордендері мен «За освобождение Варшавы» және «За победу над Германией» медальдарымен елге аға лейтенант болып оралады.

Осы тұста тарихтан деректер келтірсек. Мұны да біліп қойғанның зияны бола қоймас. Бұл алапат басқыншылық соғысқа кең-байтақ Қазақстаннан 1 млн 366 мың адам қатысып, оның 410 мыңнан астамы соғыс даласында қаза тапқан. Сыр жерінен 70 мыңнан астам адам Отан қорғауға қатысып, 30 мыңнан астам адам елге оралмаған. Ал, Жалағаш ауданынан бұл қанды қырғынға 3 мыңдай адам аттанған. Одан 694-і ғана елге аманесен оралған. Солардың бірі майдангер офицер М.Әбішев болатын.

1946 жылы туған жері Ақарық ауылына келгенде бұл аймақта «Ақарық», «Көкпая» Ворошилов атындағы майда колхоздар бар-ды. Соғыстың зардабынан ауылдың әлпеті де, тіршілігі де мардымсыз, халықтың тұрмыс жағдайы да жықпа-жығылма күйде. Көп үйлер қара жамылған, енді бір үйлер «аман-сау келіп қалар» деген ойдың жетегінде сияқты. Колхозшылардың қатары жасы келген ерлер мен бала-шағалы әйелдер болып қалыпты. Ауыл мектебінде білімі бар мұғалім жоқтың қасы. Мұны көрген Махметхан аға жұмысты өзінің мамандығы бойынша ауылдағы №124 орта мектепте ұстаздықтан бастайды. Арада жыл өтпей, үш майда колхоз 1947 жылы біріктіріліп, «Ақарық» колхозы атануына байланысты оны колхозға председатель етіп сайлады.

Жердің, судың, халықтың жағдайын жақсы білетін Махметхан ағамыз жұмысты көзін тауып, ұйымдастыруының арқасында колхозшыларды еңбекке жұмылдыра білді. Ол кезде техника деген атауымен жоқ. Жерді жерағашты сиырға жегіп, ат соқамен жыртатын. Солай болды да. Қолда бар мүмкіндікті барынша тиімді, асқан іскерлікпен, ұтымды пайдаланудың арқасында талапқа сай күріш, бау-бақша егілді, қанағаттанарлық дәрежеде өнім де алынды. Колхозшылардың тұрмыстық жағдайлары да көтеріле бастайды.

Осы тұста колхоз тарихына қысқаша шолу жасайтын болсақ. Ақарықтың колхоз болып ұйымдасудан совхоз болып қалыптасып құрылғанға дейінгі аралықта Махметхан Әбішевтің басшы ретіндегі қосқан үлесі айтарлықтай болғандығы әліге дейін елдің есінде. Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, алғашқы майда колхоздар біріктірілгенде ауылда 181 үй, 1200-ге жуық халық, 201 жұмыс қолы, соншама колхозшы болыпты.

Адам мүмкіндігі бойынша бойындағы барлық қуатын өзіне жүктелген қызметте жауапкершілікпен абыройлы атқаруға жұмсайды. Осы қағиданы берік ұстаған колхоз төрағасы халықпен байланысын ешқашан үзбеген. Ол «Жалғыздың үні шықпас, менің бір өзімнің қолымнан не келеді?» дейді екен. Халықтың қолдауымен асарлатып, үлкен клуб, колхоз кеңсесін, дүкен, астық сақтайтын үлкен қойма салдыртыпты.

Өмір деген қызық қой, жұмыс жайында кейде жақынжуық туыстармен ренжісіп қалатын жағдайлар да болады. Ал, колхоз басшысының бір ерекшелігі сол, ешкімді бөліп жармайтын, барлық колхозшыларды бірдей көретін. Содан болар, Мәкеңнің тапсырмасы десе, екі айтқызбай-ақ орындайды екен.

Колхоз басшылығынан кейін 1961-1967 жылдары «Аламесек» ауылдық советінің председателі, 1967-1969 жылдары Ақарық совхозы директорының орынбасары қызметін абыроймен атқарып, еңбек демалысына шығады.

Жоғарыда аталған қызметті атқарған кезде «Аламесек» ауылдық және Жалағаш аудандық советіне депутат болып сайланады. 1966 жылы Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапатталады.

Қай салада еңбек етсе де, өзінен кейінгілер айтып жүретіндей із қалдырған ағаның ауылының экономикасы мен мәдениетін көтерудегі жарқын істері – бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Жалпы рухани тәрбие, тұрмыстық-туыстық қатынастар ауыл адамдарының арасында, күнделікті өмірде көзге көрінбей жүріп жатады. «Адамның күні адаммен» деген ұғым осыдан бастау алса керек. Өмір бойы еңбек еткен адам өзінің бойындағы барлық күш-қуатын, сол қолға алған жұмысына жұмсайды. Соны нәтижелі етуді ойынан шығармайды, еңбекке үйреніп алған адам тыныш отыра алмайды. Өйткені еңбек – қолдаушысы, қорғаушысы. Жалпы адам – өз өмірінің суретшісі деген теңеу осындайда айтылса керек-ті.

Оны білетін «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» орденінің иегері Сырдария ауданының ардагер азаматы Ширек Ысқақов:

– Халықтың құрметіне бөленген білікті басшы, үлкенді құрметтейтін, кішіге қамқор, әлсіздерге, жетім-жесірлерге көмектесетін, айналасына мейірімді басшы болатын. Қолында билік тұрса да, өзін таза ұстайтын, дүниеге қызықпайтын, қолын былғамайтын, адал азамат еді. «Менің байлығым – отбасым, інікарындастарым, балаларым дейтін». Отбасында өте жайлы кісі болатын. Әке-шешесі, өзі жеті ағайынды, он баласы болып, бір дастарханның басында жиырмадай кісі отыратын. Жолдасы Гүлбаһрам бір мың болғыр кісі еді, – деп еске алады.

Атам қазақ қай кезде де аты шыққан азаматты естісе болды «Кімнің ұрпағы екен?» деп сұрайтыны – ежелден келе жатқан үрдіс. Осы мақаланы жазуда менің де ойыма осындай сұрақтар келіп, сұрастырғанымда білгенім:

Махметханның төртінші атасы Қисық ата заманында Сыр бойындағы атақты байлардың бірі, халқына сыйлы, өзі би, өзі шешен «40 мың қой айдаған мәрт кісі» атаныпты. Ол жайлы айтылатын әңгіме көп. Бірде малын аралап жүріп қақпан құрып жатқан кісіге кезігеді. Сонда одан жөн сұрасып, не кәсіп жасап жатқанын әңгіме етеді. Сол кезде әлгі адам қақпан құрып, сонымен отбасын асырайтындығын білдіреді.

Сонда Қисық ата:

– Ей, шырағым, мына тостағандай затпен отбасын асырағаның болмас деп, жақын маңдағы қойшысына ертіп келіп, алдына жүз қаралы қойды салып беріпті.

Халық арасында Қисық ата екі рет Қыдыр көріпті деген аңыз бар. Арал ауданының бұрынғы «Қарақұм» совхозының орталығы – Тоқабай елді мекенінің түстік жағында 50-60 шақырым жерде Қисық ата қорымына қойылған белгі бар. Сол жерде Қисық ата шегені деген құдық бар. Бұларды айта отырып, Махметхан аға туралы «адам да табиғатына тартып туады-ау» деген тоқтамға келдік.

Есет батыр ауылында «Қисық әулеті» деген әулет бар. Сол әулеттің ұрпағы Махметхан мен оның жұбайы Гүлбаһрамнан дүниеге келген сегіз бала олардың өмірін жалғастыруда. Мұны «Орны бар оңалар» деген халқымыздың ежелден айтып келе жатқан ұлағатты сөзінің көрінісі деуге болар.

Осы ойымызды қағаз бетіне түсірген кезімізде Ұлы Жеңістің 75 жылдығына да санаулы күндердің қалғаны санамызға еріксіз ой қосады. Ол ойдың бастаушысы көпшілік «Ойдың шырайын шығарғың келсе, орнын тауып айта біл» демекші, «Аламесек» ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымы мен жергілікті қоғамдастық жиыны Жеңістің 75 жылдығы мерекесі қарсаңында Жалағаш кентінің бір көшесіне барлаушы офицер Махметхан Әбішевтің атын беру жөнінде құжаттар дайындап, оны құзырлы орындарға табыстады. Айтатынымызды айттық, енді оның нәтижесін күтейік.

Өткенді қастерлеу, еске алу, оны орнымен пайдалана білу арқылы ғана, біз бүгінгі күннің қадір-қасиетін тиісінше дәрежеде бағалай алатын боламыз.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының және Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі,
«Жалағаш ауданның Құрметі азаматы».

ВЕТЕРИНАРИЯ

МАЛ-ЖАНЫҢЫЗ АМАН БА?

Бұл – көптен кездеспеген кісілердің амандықтан кейін бір-біріне қоятын алғашқы сұрағы. Өйткені тіршілік мал-жанның амандығына байланысты. Адамның ауру-сырқаудан сақтану жолында ветеринария саласының алар орны ерекше және мамандар еңбегі ұшан-теңіз десек болады. «Медицина – адамды, ветеринария – бүкіл адамзатты емдейді» деген қағиданы басты назарда ұстағандықтан, осы сала жұмысына үнемі қайта айналып соғып тұратынымыз бар.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

Өткен жылдың қыркүйек айында басылымда облыстық ветеринария басқармасының басшысы Ерсұлтан Апетовпен болған көлемді сұхбат жарияланған болатын. Сұхбатта ветеринария саласына қатысты өзекті мәселелерді барынша қамтуға тырыстық. Содан бері жарты жылдан астам ғана уақыт өтті. Алайда, осы кезеңде сала мамандарының жұмысындағы басты қаруы саналатын «Ветеринария туралы» заңына бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бүгін сол өзгерістер мен толықтырулар туралы түсініктер беріп өтуді мақсат тұттық. Сонымен қатар өткен жылы атқарылған жұмыстарға шолу жасап өткенді жөн көрдік.

Басқарма басшысы ветеринария заңдылықтарында болған биылғы өзгерістердің түп-төркіні әріде жатқанын түсіндіруден бастады. 2014 жылы «Ветеринария туралы» заңға өзгерістер енгізіліп, бірқатар бақылау және қадағалау функциялары жергілікті атқарушы органның құзыретіне берілген болатын.

Содан бері талай ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылып, еселі еңбек жасалды. Атап айтқанда, 2015 жылы бірінші рет облыста «Қызылорда облысының елді мекендерінде жануарларды асырау қағидалары» мен «Қызылорда облысының елді мекендеріндеит-мысықты асырау және серуендету, қаңғыбас ит-мысықтарды аулау және жою қағидаларын бекіту туралы» ережелері бекітілді.

2011 жылдан бері Халықаралық эпизоотиялық бюроның шешімімен аусыл ауруынан қолайсыз буферлік аймақта болған облысымыз вакцинацияланатын қолайлы аймақ мәртебесін алып, аусыл ауруына бейім аша тұяқты ауыл шаруашылығы жануарлары өнімдерін экспорттау мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, бұрын-соңды нақтыланбаған аса қауіпті Сібір жарасы ауруы ошақтарының координаттары анықталып, мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізілді. Республикалық деңгейде топографиялық картаға түсірілді. Бүгінгі күні 60 ошақ қоршалып, қауіпсіздік белгілері қойылды және мемлекеттік жер актілері алынды.

Сондай-ақ, жергілікті атқарушы орган бірнеше мемлекеттік қызмет көрсетеді. Атап айтқанда, бұл қызметтер «Жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, азықтар мен азықтық қоспаларды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру», «Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру», «Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру», «Ветеринариялық анықтама беру», «Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу» секілді заңдылықтар шеңберінде іске асырылды.

2015-2019 жылдар аралығында ветеринариялық бақылау объектілеріне Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» веб-порталы арқылы 489 есептік нөмір және «Е-лицензия» веб-порталы арқылы 10 лицензия рәсімделді. Жыл басынан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес «Ветеринария туралы» заңына тағы да өзгерістер енгізіліп, бірқатар функциялар қайтадан уәкілетті органның құзыретіне беріліп отыр.

Сондай-ақ, бұрын жергілікті жердегі әкімдіктерге бағынысты болған ветеринариялық станциялар мен пункттер облыстық ветеринария басқармасына қарасты болып, вертикальді жүйе құрылды. Бұл қызметте өз кезегінде ветеринариялық станциялар мен пункттердің қызметін ұйымдастыру мен ветеринариялық іс-шаралардың (вакцинация, диагностика, бірдейлендіру, ветеринариялық құжаттар рәсімделу, т.б) уақытылы атқарылуын және заңдылығын анықтап отыруға қол жеткізеріміз анық.

Станциялар мен пункттерде қызмет атқаратын ветеринариялық дәрігерлер жыл мезгіліне қарамай, қыстың суығы мен жаздың ыстығында атқарылуға тиісті іс-шараларды жүргізе береді. Сонымен қатар, ветеринариялық станциялар мен пункттердің ветеринария саласы бойынша кәсіпкерлік қызметпен де айналысуына заңмен рұқсат берілді. Атап айтқанда, ветеринариялық емдеу-профилактикалық, ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды өткізу, дезинфекция, дезинсекция, дератизация, дегельминтизация жүргізу, ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру мен өткізу, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға ветеринариялық-санитариялық сараптама жасау заңнамамен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері кіреді.

Иә, көріп отырғанымыздай, біраз өзгеріс бар. Ерсұлтан Амантайұлы өз кезегінде қазіргі таңдағы ветеринария саласы бойынша заңдылықтарға енгізіліп отырған өзгерістер мен толықтырулар жақсы нәтижелерін береді деген ойын жеткізді.

Жоғарыда келтірілгендей, ветеринария саласының негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы жануарлары ауруларының алдын алу, оларды емдеу, жануарлардан алынатын тамақ өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау арқылы адамзатты адам мен жануарларға ортақ зооантропонозды аурулардан сақтау, сыртқы қоршаған ортаны қорғаудағы ветеринарлық-санитарлық проблемаларды шешу. Бұл бағытта өткен жылы облыста ауқымды жұмыстар атқарылды.

Басқарма басшысы атап өткеніндей, облыс бойынша 8 шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ветеринариялық станция» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны және 139 ауылдық округте пункттер жұмыс жасауда. Облыс аумағында эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында аса қауіпті 14 түрлі жұқпалы және 6 түрлі энзоотиялық ауруларға қарсы препараттар ветеринариялық-санитариялық талаптарға сай уақытылы жеткізіліп, алдын ала егу жұмыстары толық жүргізіліп, компьютерлік дерекқор базасына енгізілді.

Бруцеллез (сарып) – зооноздар тобына жататын, адамдарға ауру малдан жұғатын, адам денесінің буын, жүйке, жыныс мүшелерінің зақымдануына әкеліп соғатын, аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Сондықтан да оның алдын алу шаралары аса маңызды. Облыс бойынша бруцеллез ауруына қарсы мемлекеттік тапсырыс және шектеу қойылған (ірі – қара 3, уақ мал – 3) ошақтарда жүргізілген диагностикалық тексеру нәтижесінде 96 бас ірі қара, 185 бас уақ мал ауру болып анықталып, ветеринариялық-санитариялық ережелерге сәйкес, санитариялық союға жіберілді. Мал иелеріне бюджет қаражаты есебінен (30%) 2813,9 мың теңге, жеке кәсіпорындар тарапынан (70%) 4721,9 мың теңге өтемақы төленді.

Талаптарға сай, ел аумағындағы төрт түлік мал түгел бірдейлендірілуге тиіс. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруге қажетті құлақ жапсырмалары берілген тапсырысқа сәйкес, министрлік тарапынан уақытылы жеткізіліп, бекітілген жоспар толық орындалды. «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» бойынша белгіленген 4 түрлі үлгідегі 53083 дана ветеринариялық анықтама берілді. Сонымен қатар, 61 ветеринариялық-санитариялық бақылауға жататын объектіге есептік нөмірлер рәсімделіп, мемлекеттік қызмет көрсетілген. Жергілікті атқарушы орган Қызылорда қаласы мен аудандар көлеміндегі ветеринариялық бақылау объектілеріне күнделікті бақылау және қадағалау жүргізген. Нәтижесінде бірқатар заң бұзушылықтар анықталып, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі» мен «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес 122 айыппұл (2865875 теңге) салынып, 503 нұсқама берілді.

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – қаңғыбас ит-мысықтардың санын шектеу мақсатында аулап, жою жұмыстарына жылда тұрақты түрде қаржы бөлініп келеді. Былтыр 43,4 млн теңге қаржы бөлініп, 28501 бас қаңғыбас ит-мысық жойылды. Өлекселер ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес, инсинератор пештерінде өртелді және типтік жобадағы мал қорымдарына тасталды.

2015 жылға дейін облыс бойынша 61 типтік жобадағы мал қорымы болса, содан бері 22 типтік жобадағы мал қорымы салынып, халық игілігіне пайдалануға берілді. Бұл іс-шара әлі де жалғасын табуда. Барлық ауылдық округтерде типтік жобадағы мал қорымдарын салу – ауру таратпаудың, алдын алудың, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті сақтаудың бірден-бір жолы. Биыл облыстық бюджеттен 65,8 млн теңге бөлініп, 7 типтік жобадағы мал қорымы (Арал – 5, Жалағаш – 2) салынады.

Жануарлардан алынатын өнімдерді сатумен айналысатын облыс аумағында 16 ішкі сауда объектісінде ветеринариялық сараптаудан өткізетін зертханалар қызмет атқарады. Осы ішкі сауда объектілерінде 13101 ірі қара, 4069 уақ мал, 3001 жылқы, 298 түйе, 165 шошқа ұшалары және 90624 партия балық өнімдері ветеринариялық сараптаудан өткізіліп, сатылымға рұқсат етілген.

Облыс көлемінде тіркелген 34 мал сою алаңы және 4 мал сою пунктінде 12267 бас ірі қара, 5088 бас уақ мал, 2680 бас жылқы, 462 бас түйе 38 бас шошқа сойылған. Облыс аумағындағы жануарларды өткізумен (мал базары) айналысатын 2 орында (Қызылорда қаласы мен Шиелі кенті) былтыр 15109 бас ірі қара, 14803 бас уақ мал, 7961 бас жылқы сатылды.

Облыстық прокуратура мен ветеринария басқармасының бастамасы бойынша облыс әкімінің өкімімен мал ұрлығының алдын алу іс-шара жоспары бекітілді және жұмыс тобы құрылған болатын. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктері және 14 мемлекеттік мекеме бірлесіп, ауқымды жұмыстар атқарды. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы жануарларын 188 бақташымен бағу ұйымдастырылды және 8 жануарларды уақытша ұстау тұрағы белгіленді. Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алаяқтық қылмыстың алдын алу, әлеуметтік мұқтаждықтарды шешу жұмыстары тек қолданыстағы заңнама аясында жүргізілетіні жөнінде түсіндірме жасалған.

Былтырғы жылдың эпидемиологиялық маусымында Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруынан қолайсыз 123 елді мекендегі мал қораларына тиісті механикалық тазалау және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Басқарманың ұйымдастыруымен мүгедек, әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға мал қораларының механикалық тазалануына арнайы техникалармен және асар әдісімен көмек көрсетілді. Міне, осындай атқарылған жұмыстар нәтижесінде облыс көлемінде эпизоотиялық тұрақтылық сақталуда.

Бүгінде әлемді коронавирус індеті қатты алаңдатып тұр. Елімізде төтенше жағдай енгізіліп, карантиндік шаралар барынша күшейтілді. Барлық назар, күш осы проблемаға бағытталған. Солай бола тұра назардан тыс қалдыруға болмайтын салалар бар. Соның бірі – жыл сайын атқарылатын жануарлардан таралатын қауіпті аурулардың алдын алу шаралары. Осы ретте басқарма басшысы облыс көлемінде жануарлардың экзоотикалық, аса қауіпті жұқпалы және энзоотиялық ауруларынан қорғап, эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау жұмыстары бекітілген жоспарға сай, уақытылы жүргізіле беретінін мәлімдеді. Бұл жөнінде министрлік тарапынан да әлсін-әлсін ескертілуде. Ол дұрыс та. Адамға қауіпті кеселге қарсы шаралар атқарылуымен қатар, үй жануарларына қауіпті кеселге қарсы іске асырылатын жұмыстар еш ұмыт қалмауы тиіс. Әйтпесе, «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартадының» кері келіп жүрер.

Ауыл-аймақтардағы қараша қазақтың қазіргі кездегі негізгі тіршілік көзі – мал. Сондықтан, қай кезде де ветеринария саласының алар орны бөлек болмақ. Сала мамандары облыс көлемінде эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында бар күш-жігерін аямай жұмыс жүргізе беретін болады. Облыстық ветеринария басқармасы басшысымен кездесуде осындай ой түйдік.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Дария деңгейі: дәйекті келіссөз керек

Қызылорда облысындағы егіс алқаптарында су тапшылығы орын алуы мүмкін. Бұл жөнінде еліміздің экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев Үкімет отырысында жария етті.

Министр өз хабарламасында еліміздің оңтүстік және батыс аймақтарында су аз болуы мүмкін екеніне назар аударды. Бұл бағытта тиісті іс-шаралар қабылданып, нәтижесінде қаншама шақырым канал тазаланып, аталған жұмыстар әлі жалғасын тауып жатқанын айтып өтті.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, облыс бойынша 183 мың гектар алқапқа егін егу межеленіп отыр. Оның ішінде күріш дақылы 88 мың гектарды шамаласа, қалған бөлігін майлы, мал азығындық, картоп, көкөніс-бақша дақылдары құрайды. Ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру сызбасына сәйкес тұрақты суаруға 4,2 млрд текше метр су қажет.

Біздің елдің аумағында Сырдария бойында «Шардара» су қоймасы (сыйымдылығы 5,2 млрд текше метр) мен «Көксарай» су реттегіші (сыйымдылығы 2,2 млрд текше метр) Түркістан және Қызылорда облыстары егіс алқаптарына қажетті су ресурстарын қамтамасыз етуге арналған. Министрдің айтуынша, қазір көршілес өзбек, қырғыз және тәжік елдерінің мамандарымен тиісті жұмыс жүргізілуде.

Аталған мәселеге байланысты «Арал-Сырдария» бассейндік су шаруашылығы инспекциясы мамандарына хабарластық.

– Дариядағы су тапшылығы мәселесі бұған дейін де қозғалып келеді. Сырдария өзені басып өтетін Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан елдерінде де күрделі сипат алып отыр. Алдағы күндерде Орта Азия аймағындағы елдердің су шаруашылығы мамандары осыған байланысты арнайы бас қосып, өзекті проблеманың шешу жолдарын қарастырады. Басқосудан біздің аймақ үшін оң шешім қабылданады деген үміттеміз. Қазір «Шардара» су қоймасында 4,9 млрд, «Көксарай» су реттегішінде 2 млрд текше метрден астам су бар. «Шардарадан» төменгі ағысқа секундына 339 текше метр су босатылуда, – деді инспекция басшысының орынбасары Жұмахан Нұрсейітов.

«СБ» ақпарат.

Хабарландыру

Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы "Шиелі" әктас кен орнындағы карьерді жою жоспары" бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Өткізілетін күні: 2020 жылдың 12 сәуірі күні сағат 15.00-де.

Өтетін орны: Шиелі ауданы, Еңбекші а/о әкімі аппаратының ғимараты.

Қоғамдық тыңдауды ұйымдастырушы: ЖК "Қара Батыр".

Күн тәртібінде:

1. Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы "Шиелі" әктас кен орнындағы карьерді жою жоспары.

Кен орны Қызылорда облысының Шиелі ауданында Шиелі темір жол станциясынан солтүстік-шығысқа қарай 28 км жерде, Қарамуын тауының оңтүстік-шығыс аяқталуы болып табылатын Құтау тауында орналасқан,олар өз кезегінде Солтүстік-Батыс Қаратау жотасының оңтүстік аяқталуын білдіреді.

Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы "Шиелі" әктас кен орнын игеру кезеңінде 2019-2029 ж.ж. жер қойнауын пайдаланушы 2556,5 мың $м^3$ өндіретін болады.

Хабарландыру

«Қазгермұнай» БК» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Шығару желісін салумен Нұралы к.о. №415 ұңғыма сағасын жайластыру (ұңғ.. 2020ж.)», «Ақшабұлақ кен орнындағы айдау желілерімен ұңғыма сағаларын жайластыру», «Ақшабұлақ к.о. № 467,472,478 ұңғыма сағасын жайластыру мен шығару желісін салу», «Нұралы к.о. мұнай дайындау қондырғысында (МДҚ) қолданыстағы пештерден жылу тасымалдағышты бере отырып, жылу алмастырғышты монтаждау», «Ақшабұлақ к.о. ОМДП-да МГСС-100 сепараторын орнату» жұмыс жобалары жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: «Қазгермұнай» БК» ЖШС – 8(7242) 600157; 8(7242) 600127; email: kgm@kgm.kz

Бас жобалаушы: «ИнТехСтрой проект» ЖШС – 8(7132) 416046; email: in_tehs@mail.ru

Облыс әкімдігі мен облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық және ардагерлер кеңесі облыстық мәслихат депутаты Жорабек ИбрагимұлыНұрымбетовке әкесі

Нұрымбетұлы Ибрагимнің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

КӘСІП

Еңбек етіп, табысқа жетіп жатқан жастар қатары күн санап артып келеді. Мемлекет те оларға қолдау көрсетуде. Бірінің ісін дамытуға мүмкіндік берсе, бірінің жобасын қуптайды. Сондай жастардың бірі Жаңақорған ауданында тұрады. Ол – Айдана Қаниева. Негізгі мамандығы – психолог. Қосымша табыс табу үшін өз кәсібін бастағанына бір жылдан асты. Оның қолға алған ісі де ерекше. Кәдімгі күнделікті қолданыстағы сусабын жасап, оған түрлі пішін береді. Еңбеккеш қызды кездейсоқ кездестіріп, кәсібі жайында білген едік.

Sb Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».

Сабын қайната аласыз ба?

Айданаға бұл ой әлеуметтік желіден көрген бейнежазбадан туындапты. Бейнесабақтарға қатысып, біраз тәжірибе жинайды. Өз бетімен ізденіп, күнделікті қолданып жүрген сабын құрамын зерттеп шығады. Ақыры уақытын тиімді пайдаланып әрі табыс табу үшін сабын жасауға бел буады.

Бір жағынан қызық әрі сирек кәсіп. Көп ойланбастан керекті құралдарын Алматыдан алдырады. Үйінің бір бөлмесін шағын жұмыс орнына айналдырып, ісін бастап кетеді. Алғашқы тапсырыстарын жүрексіне жасаған. Қазір кәдімгі маман секілді машықтанған. Сусабын құрамы да ерекше таңдалады. Түрлі емдік шөптермен қатар хош иісі бар. Біз де пайдаланып көрдік. Кәдімгі сабыннан айырмашылығы жоқ, бірақ, денсаулыққа пайдалы әрі табиғи өнім.

Қазір Айдананың тапсырысы артқан. Әсіресе, түрлі мереке қарсаңында қолы босамайды. Тұтынушыларының көңілінен шығу үшін бар күш-жігерін жұмсайды. Көпшілігі бесік той, тұсаукесер, туған күн кештері мен сүндет тойларға арнайы тапсырыс береді екен. Сонымен бірге өзі секілді ынталыларға курс өткізеді.

– Бүгінде бір табысқа қарап отыру мүмкін емес, сондықтан еңбек етемін дегенге мүмкіндік жетерлік. Әсіресе, жастарға ерекше қолдаулар бар. Алдағы уақытта ісім өрге басса, жоспарым көп. Кәсіпкерлік бағытта білімімді жетілдіріп, мемлекеттен жеңілдетілген несие мен қайтарымсыз грант жеңіп алуды көздеп отырмын. Сонда кәсібім кеңейеді деп ойлаймын, – дейді ол.

Айдана алдағы уақытта шаш және бет күтіміне арналған сусабынның ерекше түрлерін жасауға бет бұрмақ. Бастысы, бастамасы жемісін берді.

Сәбидің сырқаты жоқ

Қызылорда қаласының коронавирус жұқтырған түрғыны айы-күні жетіп, дүниеге сәби әкелді. Бір қуанарлығы, балада инфекция жоқ. Сәбиге жасалған тест теріс нәтиже көрсеткен. Жүкті әйел 8 сәуір күні облыстық перинаталдық орталыққа келіп түскен еді. Бұған дейін жүктілік уақыты жеткен келіншекке жедел-респираторлы вирусты инфекция диагнозы қойылған.

Sb Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы».

– Коронавирус инфекциясын жұқтырған әйел 9 сәуірге қараған түні босанды. Дүниеге келген қыз баланың денсаулығы қанағаттанарлық жағдайда. Сараптама нәтижесінде нәрестеде COVID-19 вирусының жоқ екені анықталды. Анасын COVID-19 вирусынан толық емдеп шығару үшін инфекциялық стационарға орналастырдық. Тағы айта кететін жайт, босандыруға қатысқан кезекші бригада мүшелері медициналық көмек көрсету кезінде күшейтілген қорғаныш құралдарын пайдаланды. Кезекшіліктен соң олар бірден үйдегі карантинге жатқызылды, – деді орталықтың бас дәрігерінің орынбасары Ләззат Сапарбаева.

Оның айтуынша, аталған жағдайға қатысты перинаталдық орталықта 40 төсектік арнайы орын дайындалған. Ал жаңа туған сәби дәрігерлердің ерекше күтімінде. Әйел адам толық жазылып, тексеру нәтижелері теріс болса, ана мен бала қауышып, үй жағдайындағы карантинге шығарылмақ.

Еске сала кетсек, коронавирус жұқтырған қала тұрғыны аман-есен босанып, дүниеге екінші сәбиін әкелген болатын. Дүрбелең уақытта дүниеге келген нәрестенің салмағы 2970,0 грамм, бойы 51 сантиметр.

КЕСЕЛМЕН КҮРЕС

Залалсыздандыру күшейе береді

26 сәуірден басталған қаладағы залалсыздандыру жұмыстары бүгінде күшейтілген қарқында. Елдегі орын алған коронавирус індетіне байланысты ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес, ҚР Қорғаныс министрлігіне қарасты аймақта орналасқан әскери бөлімнің қатысуымен ең әуелі қаладағы теміржол вокзалы мен автовокзал аумағын дезинфекциялауды бастаған еді.

Sb Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы».

Қалада инфекция таралуының алдын алу мақсатында бұл жұмыстарға №66597 әскери бөлім қызметкерлері мен арнайы мекемелер тартылған. Олар бекітілген кестеге сәйкес, бүгінгі күнге дейін жалпы көлемі 667 мың шаршы метр болатын 415 аумаққа залалсыздандыру жұмыстарын күшейтілген режимде жүргізген. Мұнда қоғамдық көліктер, аялдамалар, теміржол мен автовокзалдар, ірі кәсіпкерлік нысандар, базарлар және адам көп жүретін көшелер, көпқабатты тұрғын үйлер аумақтары және әлеуметтік нысандар залалсыздандырылды.

– Көшелер және тұрғын үй аулаларында орналасқан балалар ойын алаңдары, аялдамалар мен қоқыс жәшіктеріне дейін залалсыздандырылуда. Көшелерге арнайы гипохлорид кальций ерітіндісі қосылған, ал ғимараттарды диохлорид ерітіндісі қосылған қоспамен залалсыздандырдық. Бұл жұмыстар әрі қарай бекітілген кестеге сай кезегімен толық атқарылады. Бұған барлық құралдар-жабдықтар жеткілікті, – дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының орынбасары Біржан Далабаев.

Қала орталығы ғана емес, шеткі аймақтарға да жүргізілді.

Дайындалған қажетті ерітінді толы 10 жүк көлігі барлық көшелерде дезинфекция жүргізсе, тұрғын үйлер, аула, ғимараттар мен жабық нысандарды залалсыздандыруға бес арнайы техника мен 10 адам жұмылдырылған. Ал №66597 әскери бөлім сарбаздары өз техника-жабдықтарымен қала аялдамаларын тазалауда.

Суреттерді түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.**

ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

Кеңес каскасының сыры

Өткен ғасырдың 80-жылдары Пермь облысының орталығында КСРО халық артисі Юрий Никулин гастрольде болады. Кезекті концерттен соң артисттің қонақ үйдегі бөлмесіне облыс орталығынан 200 шақырым қашықтықтағы Лысьев металлургия заводының жұмысшылары келіп, әйгілі артисті өздеріне қонаққа шақырады. Өз кезегінде Ю.Никулин ыстық ілтипатқа алғысын білдіріп, денсаулығына байланысты бара алмайтынын жеткізсе керек.

Сонда жұмысшылар оған бізден ескерткіш болсын деп, асханалық қазандар мен әскери касканың сувенирлік нұсқасын ұсынады.

– Сіздердің завод ыдыс шығаратынын білемін, ал касканың қандай қатысы бар? – дейді Ю.Никулин.

– Біздің завод соғыс кезінде тек каска шығарды, – деп жауап қайтарады.

– Құдайым-ау, алдымен неге осыны айтпадыңдар. Соғыс кезінде мені сіздер жасаған каска тура келген оқтан бірнеше рет аман алып қалды, – деп Ю.Никулин Лысьевтағы заводтың акт залында өнерін көрсетіп қайтады.

Айта кетейік, Отан соғысы кезінде миллиондаған солдатты ажалдан құтқарып қалған каска КСРО бойынша Лысьев металлургия заводында ғана жасалды. Каска үшін болаттың аса берік маркасы ойлап табылды, бұл технологияның авторы завод инженері Евгений Ширинкин еді. Оның беріктігі арнаулы сынақтан өтті, касканы 25 метр жерден атқанда оққа төтеп берсе, майданға жіберіліп отырды.

Соғыс жылдарында 10 миллион каска, 14 миллион солдат тостағаны мен қасығы жасалды. Лысьев заводы стратегиялық құпия нысан болып саналды. Мәліметтерде №700 завод деп белгіленіп, өнімі СШ-40 (стальной шлем) деп аталды. Оқ өтпейтін берік каска жасаған завод мамандары И.Ястребов, А.Филин, А.Кравилев, А.Пашкевичке 1943 жылы сталиндік сыйлық берілді. Берілді деген аты ғана, өздеріне тиісті «мұртты көсем» атындағы 10 мың сомды қорғаныс қорына аударды. Заводта жұмыс істеген жұмысшылар да екі ведомоска, біріншісіне «жалақымды алдым» деп, екіншісіне «өз еркіммен жалақымды қорғаныс қорына аударамын» деп қол қойды.

Аталған кәсіпорын жұмысшылары тәулігіне 12 сағат жұмыс істегені үшін күнделікті 800 гр нан алды. Жұмысқа 5-15 минут кешіксе, 4 ай түрмеге қамалды, ал 1 күн жұмысқа шықпай қалса, 7 жылға сотталды. Осындай қиындықпен жасалған кеңес каскасын беріктігі үшін жау жағы жоғары бағалады. От кешкен соғыс ардагерлерінің сөзіне қарағанда, өлген немістердің басынан кеңестік каскаларды талай рет байқаған екен.

2015 жылы завод өзінің 230 жылдығын атап өтті. ЛМЗ-ның бас директоры В.Ганьжиннің сөзінше, Ганновердегі көрмеден кейін Германияның бір концерні ресейліктермен бірігіп, өнім шығаруға ұсыныс айтыпты.

Дайындаған **Бақытжан ТҮМЕНБАЙ.** Қазалы ауданы.

РИЗАШЫЛЫҚ

Елде төтенше жағдай енгізілуіне байланысты балаларымыз қашықтан оқып жатыр. Осы ретте халық мектеп пен ұстаздардың қадірін түсінгендей.

Ұстаз еңбегі ерен

Мен Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектептің қамқоршылық кеңесіне жетекшілік етемін. Кеңес мұғалімдермен, ата-аналармен тығыз байланыста. Аталған білім ошағында 1,5 мыңнан астам оқушы бар. Олардың қашықтан оқуы үшін жағдай жасалып, түгел дерлік ұялы телефон, планшеттермен қамтылды. «Whatsaap» желісі арқылы жұмыс істеп, қолжетімді электронды ресурстарды пайдалануда. Ата-аналар ұстаздар қауымына тәнті болып, олардың еңбегі ерен екенін түсінді. Осы тұста ұстаз бен ата-ананың үйлесімді байланысы мені қатты қуантты.

Жұмыстың жүйелі атқарылуында мектеп директоры Г.Қоңырбаева, оның оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Г.Биманова, Э.Байназарова, Қ.Алтаева, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары М.Искакова, Н.Омарбековтің, мектеп әкімшілігі мен барша ұстазға ата-аналардың алғысы шексіз.

Гүлшат МАХАНБЕТОВА. Қызылорда қаласы.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. “АҚ” - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 28791 Тапсырыс №515 Кезекші редактор Сара АДАЙБАЕВА.